



«Қазақстандағы Баршаға білім беру» Қауымдастығы

**Жергілікті қауымдастықты оқыту орталығы
(ЖҚОО) және басқа да қосымша білім беру
ұйымдарының жергілікті халықтың этномәдени
білімін дамыту бойынша жұмыстары**

Әдістемелік нұсқаулықтар



Мазмұны

Жергілікті қауымдастықты оқыту орталығы (ЖҚОО) және басқа да қосымша білім беру ұйымдарының жергілікті халықтың этномәдени білімін дамыту бойынша жұмыстары

Әдістемелік нұсқаулықтар

Материалдарды Алматыдағы ЮНЕСКО «Кейбір жерлерде этно-конфессионалдық келісімді қалыптастырудағы Қазақстан мен Қырғызстандағы ЖҚОО рөлін арттыру» жобасының шеңберінде «Қазақстандағы Баршаға білім беру» Қауымдастығының сарапшылары дайындаған

Кіріспе.....	2
1. Әлеуметтік келісім мен этносаралық толеранттылықтың Қазақстандық моделі.....	7
2. Этномәдени білімді қалыптастырудың әдістері мен нысандары.....	12
2.1. Мектепке дейінгі жастағы балаларға этномәдени түсініктерді ұғындырудың ерекшеліктері.....	12
2.2. Жасөспірімдерге этномәдени түсініктерді қалыптастырудың әдістері мен нысандары.....	16
2.3. Тренинг жастардың бойында этномәдени түсініктерді қалыптастырудың бір тәсілі ретінде.....	20
Қорытынды.....	23
Қосымша: Практикалық материалдар.....	24



Кіріспе

Өткен жылы зорлық-зомбылықты, экстремизмді тоқтату және оның алдын алу тақырыбында өткізілген Орталық және Оңтүстік Азияның аймақтық конференциясында Қазақстан Республикасының ҰҚК басшысы Нұртай Абықаев Қазақстанда бастырмалата жасақталған экстремизм идеологиясын насихаттаудың болуы мүмкін екендігін айтты. «Біздің мемлекетімізде экстремизм мен терроризм идеологиясын насихаттау Интернет арқылы немесе елімізге әр түрлі миссионерлер мен экстремистік кітаптардың заңсыз келуінен болуы мүмкін. Ел азаматтарының діни сауаты төмен болуымен байланысты бұл идеялар діни сенімі аз, әсіресе ислам дініне енді ғана келген адамдарға қатты әсер етеді. Кейбір адамдар өмірлік қиыншылықтарға тап болып, барлық мәселелерден құтылу үшін джихад әрекетіне барады», - деді Н.Абықаев өз сөзінде. Сондай-ақ, қазіргі таңда Сирия мен Ирактағы қарулы қақтығысқа 150-ден астам қазақстандық қатысып жүр. Ресей БАҚ хабарлауынша, 3 мыңнан астам Ресей азаматы экстремистік банды құрамына енген. Бұл адамдардың көпшілігі этномәдени толеранттылық деген түсінікті білместен, адамгершілік-рухани құндылықтар бағытын шатастырып алып, өз сана-түсініктеріне сәйкес әділдік іздеп жүрген жандар болуы мүмкін екендігін де айтып өтті.

Бұл жағдаят жастар мен жасөспірімдерге конфессия аралық келісім мен этносаралық білімдерді түсіндірудің қаншалықты маңызы зор екендігін көрсетеді. Қазақстанның, Қырғызстанның ЖҚОО мақсатты топтарының 120 өкілінен алынған сауалнама бойынша да осы әрекеттің қажеттілігі мен өзектілігін байқауға болады. Әрбір жерде болып жатқан этно-конфессионалдық қарым-қатынастардың нақты жағдаяттарымен таныстыру мақсатында жүргізілген сауалнаманың қысқаша қорытындысына тоқтала кетейік. Респонденттердің көп бөлігі этномәдени әртүрлілікті қолдайтындықтарын және оларға адамдардың түрлі көзқараста болуы ұнайтындығын мойындады. Осы пікірге сауалнамаға қатысқандардың полиэтникалық ортада жайлы өмір сүру, таным көкжиегін кеңейту, халықтардың бір-біріне әсер етуін түсіну мақсатында әр түрлі ұлттардың мәдениетімен танысу туралы берген жауаптары сәйкес келеді. «Өз ұлтыңыздың мәдениетіне қалай қарайсыз және оны қаншалықты терең білесіз?» деген сұраққа сауалнамаға қатысқандардың 46%, 47% жақсы және кейбір түсініктерді білеміз деп жауап берген. Респонденттердің көп бөлігі Осындай халықтың құрамында болғаныңыз сізге қандай сезім ұялатады?» деген сұраққа «мақтаныш сезімі ұялайды» және «сенімділік ұялатады» деп жауап берген. Дегенмен сауалнамаға қатысқандардың 5% осындай халықтың құрамында болу олар үшін деңгейлерінің төмендеп кететіндігін, өкініш сезімдерін білдіретіндіктерін мойындады. «Сіздің аймағыңызда ұлтаралық қақтығыстар кездесе ме?» және «Өз халқыңыздың әсерінен сізде өзіңізге деген теріс пікір қалыптасқан уақыттар болды ма?» деген сұрақтар бойынша бірінші сұраққа «жиі» деген жауапты респонденттердің 5%, екінші сұраққа 19%-дан астамы берді. Яғни жалпы алғанда, этникалық жағдаяттар кездескен кезде сауалнамаға қатысқандардың 20%-дан астамы өз ұлты мен халқының мәдениетіне сәйкес өзіне деген теріс пікірде болған. Респонденттердің 70%-дан астамы екінші сұраққа «сирек» және «ешқашан» деп жауап бергені, әрине, қуантады. "Басқа ұлт өкілдеріне деген теріс пікір кімнің әсерінен болады?" деген сұраққа берілген жауаптарды да саралап көрейік: көшедегі адамдар - 35%, құқық қорғау органдары – 12,5%, шенеуніктер – 13,3%, жасөспірімдер – 27,5%. Респонденттердің көпшілігінің пікірі бойынша конфессияаралық және этносаралық келісімге байланысты оң көзқарастарды БАҚ, білім беру, тәрбие беру салалары және отбасы қалыптастырады (70%-дан астамы).

Этномәдени білімді насихаттау жұмыстары қосымша білім беру жүйесінде де, жалпы білім беру жүйесінде де жүргізілуі керек екендігі сөзсіз. Бұрын шығарған әдістемелік нұсқаулықта біз осы сала бойынша Жергілікті қауымдастықтардың оқыту орталықтарын үлгіге ала отырып (ЖҚОО), балалар мен жастарды толеранттылыққа тәрбиелеудегі алатын орны мен мүмкіндіктері туралы тоқталғанбыз. Ұсынылған нұсқаулар сол нұсқаулықта

ашылған тақырыптың жалғасы, бірақ бұл кітапшада әрбір жердегі этно-конфессионалдық келісімді қалыптастырудың әдістемесі мен практикасы мәселесіне басым көңіл бөлінген. 2015 жылы әдістемелік нұсқаулықты Алматы қаласы бойынша ЮНЕСКО-ның «Кейбір жерлерде этно-конфессионалдық келісімді қалыптастырудағы Қазақстан мен Қырғызстандағы ЖҚОО рөлін арттыру» жобасы бойынша «Қазақстандағы Баршаға білім беру» Қауымдастығы дайындады. Қазақстандық орталықтардан басқа, бұл жобаға Қырғыз Республикасының ЖҚОО өкілдері мен бейресми білім беру ұйымдарының өкілдері қатысады. Осыған байланысты жинақ мазмұнында қазақстандық және қырғызстандық тәжірибе бойынша нұсқаулар көрсетілген. Осы жинақты құрастырудың алдында «Мемлекеттік этносаясат негіздері және жер-жерлерде этно-конфессионалдық келісімді қалыптастыру бойынша халықпен жұмыс жүргізу әдістері» тақырыбында Алматыдағы ЮНЕСКО-ның қолдауымен «Қазақстандағы БББ» Қауымдастығы 2015 жылы 15-16 маусымда Алматы қаласында оқыту семинарын өткізді. Семинардың қорытындысында кездесу материалдары бойынша ақпараттық-әдістемелік жинақ дайындау ұсынылды.

Жинақтың басты мақсаты балалар мен жастардың этно-конфессионалдық білімдерін дамыту және ЖҚОО мен басқа да аналогиялық ұйымдардың әр түрлі нысанда: семинарлар, тренингтер, әр түрлі іскерлік ұйымдар, кеңес беру және ақпараттық іс-шараларды ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылатын жобаның тақырыбы бойынша әдістемелік және практикалық материалдарды, отандық және шетелдік тәжірибені, ақпаратты әр түрлі көздерден сұрыптау және жиынтықтау болып табылады.

1. Балаларға толеранттық мәнез-құлықты тәрбиелеуге ата-аналарды дайындау. Ақпараттық-әдістемелік материалдар. - Алматы, 2014. Жинақ Алматы қаласындағы ЮНЕСКО-ның «Балаларға толеранттық мінез-құлықты тәрбиелеуге ата-аналарды үйрету бойынша Жергілікті қауымдастықтың оқыту орталықтарының фастилитаторларын дайындау» жобасы бойынша әзірленді.

Ұсынылған материалдарды пайдалану кезінде іс-шараларды ұйымдастырушылар әр аймақтағы этно-конфессионалдық қарым-қатынастардың ерекшеліктерін ескерулері керек және осы ерекшеліктер негізінде өткізілетін кездесулердің мақсатын, өткізілу түрін, технологиясын жоспарлайды. Жинақтың құрылымы **үш бөлімнен** тұрады. **Бірінші** бөлімде қазақстандық толеранттылықтың моделі сипатталады. Көптеген отандық және шетелдік сарапшылардың пайымдауынша, Қазақстанда қоғамдық келісімнің ең тиімді моделі қалыптасқан. Осы пайымдаулар бойынша бірінші бөлімде ақпараттар берілген. **Екінші** бөлімде балалардың, жасөспірімдер мен жастардың этно-конфессионалдық білімдерін дамыту және қалыптастыруға бағытталған шараларды ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерінің үлгілері берілген. **Үшінші** бөлім жоспарланған шараларда қолдануға болатын практикалық материалдардан құралған (сауалнама мәтіндері, дайын сценарийлер, тренингтердің, семинарлардың, жұмыс сессияларының бағдарламалары, т.б.)

Нұсқаулықта кездесетін негізгі ұғымдар:

Автономия - (грекше: autos - өзі, nomos - заң, тәуелсіздік) - мемлекет аумағында жинақы, топтасып өмір сүретін әлеуметтік қауымдастыққа берілетін ішкі өзін-өзі басқару мүмкіншілігі немесе мемлекеттік билікті өзінше жүзеге асыру. Мемлекеттік құрылым құрамында конституциямен бекітілген, салыстырмалы түрде тәуелсіз саяси субъектілердің өзінше қызмет ету құқы.

Басқарушы зиялы қауым – қолдарына саяси және экономикалық билікті алған адамдардан құралған топ.

Геноцид - [грек, genos - тек, тайпа және лат.caedo - өлтіру] - халықаралық құқық бойынша аса ауыр қылмыс; қандай да бір ұлттық, этникалық, нәсілдік немесе діни топтың өкілдерін түгелдей немесе жекелеп қасақана қырып-жоюды білдіреді.

Диаспора (гр. διασπορά - шашыраңқы) - ұлттың ата-жұрты болып табылатын елден тысқары өмір сүретін халықтың бір бөлігі.

Әлеуметтік қақтығыс – бір мақсатқа жету жолындағы қарсыласын жойып, өз билігін күштеп мойындату, өзіне бас идіру арқылы мақсатқа жету. Қақтығыстың бәсекеден айырмашылығы нақты бағытталғандығымен және күрестің қатты жүргізілуімен көрінеді.

Қақтығыс жағдаяты:

- азаматтардың заңды қызығушылықтарына, қажеттіліктері мен құндылықтарына, ұлттық-мәдени бірлестіктеріне, ұлттық-мәдени автономияларына қысым жасау;
- бұрмаланған және дұрыс емес ақпараттар;
- ұлттық және діни негіздерді насихаттайтын қоғамдағы немесе жекелеген әлеуметтік топтардағы өзгерістерді адекваттық емес тұрғыда түсіну арқылы барлық деңгейде қақтығыстардың қозғаушы күші болып табылатын әлеуметтік шиеленістердің болуы.

Ұлтаралық қатынастар аясындағы қақтығыс жағдаяты – азаматтардың немесе олардың қызығушылықтарын қорғайтын коммерциялық емес ұйымдардың заңды қызығушылықтарына қысым жасау арқылы болатын жасырын және әлеуметтік қайшылықтардың болуы; бұрмаланған және дұрыс емес ақпараттардың болуы; ұлттық және діни негіздерді насихаттайтын қоғамдағы немесе жекелеген әлеуметтік топтардағы өзгерістерді адекваттық емес тұрғыда түсіну жағдайлары.

Ұлтаралық қақтығыс - түрлі ұлттардың, этникалық топтардың арасында тәуелсіздікке, саяси билікке ұмтылуға, жер дауына, діни, этникалық кемсітушілікке, т.б. себептерге

байланысты туатын қақтығыс.

Ксенофобия – толеранттылыққа мүлде қарама-қайшы ұғым. Этноәлеуметтану ғылымында «ксенофобия – діни, салт-дәстүрі, ұлты бөлек жандардан қорқу, оларды жек көру» деп түсіндіріледі (басқа этникалық топтардан, діни ұйымдардан, өмір сүру деңгейі мен жыныстық ерекшеліктеріне қарай ерекшеленетін әлеуметтік топтардан қорқу).

Халық – үйреншікті тілдік қолданыста: бір аймақта тұратын адамдардың үлкен тобы; әлеуметтануда: 1) қазіргі тарихи кезеңде қоғамдық даму мәселелеріне қатысатын қоғамның мүшелері; 2) тарихи тұрақталған этникалық қауымдастықтардың типтері: тайпалар, ұлттар мен ұлыстар.

Ұлыс – ерте класстағы қоғамға жататын ұлыстың түрі. Тарихи ұлыстар шаруашылық даму ерекшеліктеріне сәйкес біріккен тайпалардың жиынтығы. Бұл үдерістің ең үлкен факторы – қалыптасып келе жатқан ұлыстардың бір мемлекет аумағына бірігуі, олардың бір дінді ұстануы.

Ұлтшылдық – белгілі бір ұлтқа байланысты сенімдер мен белгілерді ұстану. Ұлтшылдық жақсы мағынасында *патриотизммен* мағыналас. Ал жағымсыз мәнде ұлтшылдық өз ұлтын басқа ұлттарды төмендету арқылы мойындату. Ұлтшылдықтың ең ұлғайған түрі – *фашизм*.

Ұлт - қоғамды ұйымдастырудың анағұрлым кең тараған бірлігі. П.Сорокиннің түсіндіруі бойынша, ұлт 1) бір мемлекеттің адамдары болып табылатын; 2) бір тілде сөйлейтін, мәдени құндылықтары ортақ; 3) бір аймақта өмір сүретін, өздеріне тиесілі ата-бабаларынан мұраға қалған жерлері бар адамдар тобы. Осы атаған белгілердің барлығы біріккен кезде ұлт қалыптасады. «Ұлт – мемлекет дәрежесіне жеткен халық» (И.А. Ильин).

Саяси режим – саяси билікті жүзеге асырудың түрі, нысаны, әдістері, оның салаларын ұйымдастыру қағидалары. Тоталитарлық саяси режим орнаған мемлекетте қоғам өмірінің барлық саласы биліктің бақылауында болып, адам бостандығы мен конституциялық құқықтары жойылады, оппозиция мен өзге саяси ой өкілдері саяси қуғын-сүргінге ұшыратылады; **авторитарлық** - біржақты билеу, басқарушылардың бағынушыларға жүргізетін үстемдігі. Түрлері: абсолютті монархия, диктатура, теократиялық және посттоталитарлық тәртіптер. Әртүрлі саяси мәселелерді шешу тәсілдері (реформалар, қоғамды қайта құру), сондай-ақ төңкерістер мен соғыстар авторитаризмге әкеліп соқтыруы мүмкін. Тоталитарлы тәртіптен елеулі түрде ерекшеленеді: оларда шектеулер едәуір дәрежеде аз және жеке адамның еркіндіктері мен құқықтары емес, саяси еркіндіктер мен құқықтар шектеледі; тәртіп саяси партиялар мен идеологияға сүйенбей, әскер күші мен дәстүрлі діндерді арқа тұтады; қоғамға жаңа құндылықтар жүйесін құрып, енгізуге талпынбайды; азаматтық қоғам құруды мақсат етпейді; **демократиялық “халық билігі”** деген мағынаны білдіреді. Халықтың заң жүзінде мемлекеттік билікті басқаруы. Мұнда конституция билік халықтың қолында екендігіне дәлел болады. Халық жоғары билікке өз өкілдерін сайлау арқылы тағайындап, өзгертіп отырады.

Экстремизм (латын. extremus – шеттеу) – яғни орталықтан ауытқу, белгіленген жерден тыс кету деген мағына береді, жалпы тәртіпті мойындамайтын, өзінің пікірімен ғана іс-әрекет жасаушы дегенді білдіреді. Экстремизмнің пайда болу себебі, адамның надандыққа, көрсеқызарлыққа бейімделген көзқарасынан пайда болады. Яғни, тек менің ғана пікірім болуы керек деген сияқты. Бұл ең алғашқы этаптары болып саналады. Экстремизмнің тағы бір көрінісі басқа біреуді көре алмау, түсінбеу немесе түсінгісі келмейтін адамдардан шығады. Ланкесшілер дұрыс бағытқа жол көрсететін адамдардың кеңесіне мүлдем құлақ аспайды. Олар өздерін ең таза кіршіксіз деп санап, басқаның барлығын адасушыларға жатқызып, жөн білетін адамдарды мойындамайды.

Этноконфессионалдық білім – әр түрлі ұлт өкілдерінің діни көзқарастары, жүріс-тұрыс әдебі, әр түрлі діндегі және сенімдегі адамдармен қатынас жасай білу, конфессионалдық және діни ерекшеліктеріне сәйкес түрлі ұлт өкілдерімен жеке-ресми қарым қатынаста болу (Тарихи және әлеуметтік-білімгерлік ойлар. 2012. № 4 (14) 97 ISSN 2075-9908).

Этномәдени күзіреттілік - түрлі этникалық қауымдастықтардың өкілдерімен байланыс жасау үшін адамның көрсететін білім-біліктері, келісім мен сенім ахуалын қалыптастыру мақсатында олармен адекватты бірлестікте болу.

Этникалық қауымдастық – тілі, мәдениеті, жер аумағы, шығу тегі негізінде тарихи тұрақталған адамдардың қауымы.

Ұлыс – мекен, аймақ, әкімшілік мағынасын беретін көне түркі сөзі. Бұл басқа топтардың мүшелерінен ажыратуға болатын ортақ мәдениетке негізделеді. Ұлыстардың сыртқы сипаты олардың ұлт атауларымен бірдей (қазақтар, орыстар, өзбектер, т.б.).

Этноцентризм – адамның қоршаған ортаның нақтылығының құбылысын эталон қасиеті ретінде қарастырылатын өзінің этникалық қоғамдастықтың позициясымен бағалау мен қабылдауға бейімделуі. Бір топ орталық, ал қалғандары осы топқа негізделіп бағаланатын жағдайдағы қоғамға деген көзқарас.

Дереккөздер:

Негізгі саяси ұғымдар мен терминдер сөздігі, 2015.

Психология мен педагогикадан энциклопедиялық сөздік, 2013.

Этнопсихологиялық сөздік. — М.: МПСИ. 2004.

1.Әлеуметтік келісім және(этносаралық толеранттылықтың Қазақстандық моделі ²

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік келісім мен этносаралық толеранттылықтың қазақстандық моделі республиканың мемлекеттік брендіне айналды. Модель Біріккен ұлттар ұйымында, ЕҚӘҰ қатысушы елдерге, маңызды халықаралық форумдар өткен қалаларда – Копенгагенде, Венада, Женевада, Нью-Йоркте көрсетілді. Бұл модель Ресей, Қырғызстан, Түркия, Қытай және тағы да басқа мемлекеттердің сарапшыларының ғылыми және әлеуметтік қызығушылықтарын оятты. Шетелдік істер министрлігінің тапсырысымен әр түрлі тілдерге аударылды – ЕҚӘҰ елдері, ЮНЕСКО-ның қолдауымен бірқатар оқу орындарында толеранттылық кафедралары ашылды, солардың бірі – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. ть их даже тогда, когда не одобряешь их поступки, готовность поддержать других;

Толеранттылық ұғымы. Ағылшын тіліндегі Оксфорд сөздігінде толеранттылық - «еш қарсылықсыз белгілі бір затты немесе нәрсені қабылдауға дайын болу», француз тілінде «басқа біреудің бостандығын, оның ойлау ерекшелігін, саяси және діни көзқарастарын құрметтеу» деп түсіндіріледі. Қытай тілінде толерантты болу – «басқа біреулерге сый-құрметпен қарау» деген мағынаны білдіреді, парсы тілінде «шыдау, көну, келісімге келуге дайын болу» мағынасын білдіреді. Орыс тіліндегі дереккөздерде «толеранттылық» термині (лат. *tolerantia* — шыдам, төзім) басқа адамдардың өмір сүру нысанына, жүріс-тұрысына, салт-дәстүрлеріне, ой-пікірлері мен сезімдеріне, наным-сенімдеріне төзіммен қарау деген әлеуметтік термин ретінде көрсетілген. Толеранттылық ұстанымдары декларациясында (ЮНЕСКО, 1995 ж.) **толеранттылық** «...біздің әлемнің өте бай мәдени көптектілігін, біздің өзіндік анықталу нысандарымыз бен даралығымызды көрсету тәсілдерін құрметтеу, қабылдау және түсіну. Оған ашықтық, білімділік, қарым-қатынас, ой, ар-ұят еркіндігі әсер етеді. Толеранттылық – бұл біреуге орын беру, мойынсұну емес» деп түсіндіріледі. БҰҰ жарғысының басында толеранттылық «бір-бірімізге төзіммен қарап, тату көршілер сияқты өмір сүрейік» деген түсінікпен берілген. Осы жерде толеранттылық термині тек әрекет етуші әлеуметтік термин ретінде ғана емес, өз-өзімен де, көршілес мемлекеттермен де тату өмір сүруге бағыттайтын жоғары деңгейдегі қоғамды қалыптастырудың жолы ретінде ұғындырылады. Жалпы алғанда, толеранттылықтың негізі - өзінің «басқаға, бөтенге» қатынасын бақылау болып табылады. Бұл күнделікті кездесетін, тұрмыстық деңгейден бастап кәсіби қарым-қатынас жасауға дейінгі аралықты қамтитын мәселе болып саналады. «Толеранттылық» терминін саралау барысында ғалымдар арасында елеулі қайшылықтар туындайды. Біраз жағдайда оны тікелей «төзімділік» сөзімен байланыстырады. Қазақ тілінде «төзім» сөзі «шыдам», «сабыр», «тағат» мағынасында да қолданылады. Яғни, «төзімді болу» - басқаға, оның ісіне, құбылыстарға шексіз төзу, шыдауды білдіреді.

2. Бөлімнің негізгі мазмұны осы жобаның сарапшысы, Д.Серікбаев атындағы ШҚГТУ ҚГП кафедрасының доценті, п.ғ.к., С.А.Линоктың дайындаған презентациясы негізінде жасалды.

Толеранттылықтың сипаттамалары:

эмпатия - өзге адамдардың жан дүниесін түсіну мен жай-күйін ұғыну қабілеттілігі. Оның айқын көрінісі – өзге адамдардың қайғы-қасіреті мен қиыншылықтарына ортақтасып, оларға жанашырлық білдіру, сол арқылы өзгенің ауыр психикалық жай-күйін өз басынан кешіргендей халге түсуі. Олардың пікірлеріне ортақтас болып, қолдау көрсетуі;

ақ пейілділік – олардың көңіл-күйлерін сезіну ғана емес, адамдарға өзінің жақсы қарым-қатынасын, құрметін, адал көзқарасын көрсету, тіпті егер оның кейбір әрекеттері ұнамаса да, олардың пікірін сыйлау, басқаларды қорғауға дайын болу;

ерекшелік – қарым-қатынаста өз болмысын сақтау, бетперде жамылып, түрлі рөлге кірмей байланыс жасау, түрлі проблемалар мен адамдарға қарым-қатынасын немесе көзқарасын еш бүкпесіз жасырмай көрсету, айналасындағылармен қатынас кезінде өзіндік ерекшелігін сақтау;

сезімдерді қабылдау - өз сезімдерін және өзгелердің сезімдерін жеткізу кезінде, сезімге әсер ететін жағдайларда еш қорықпау, адамдармен қатынас кезінде тек белгілі бір нәрсені сезініп қана қоймай, оларды көрсете білу, басқа адамдардың эмоционалдық әрекеттерін қабылдау, бірақ бұл басқа адамдарға өз сезімдерін көрсету арқылы олардың бұл сезімдерге деген жауапкершіліктерін мойындату емес;

өзін-өзі тану – әр адамның өзін жеке тұлға ретінде зерттеуі, өзіндік «Менін» жоғалтпай басқа адамдардың бағалауларына, көзқарастарына қол жеткізуге талпыну;

рефлексия – өз әрекеттеріне, басқа адамдардың әрекеттеріне баға бере білу, өзінің ішкі дүниесін тани білу;

адамгершілік адамдарға, олардың ішкі жан-дүниесіне, қызығышушылықтарына көңіл аудару, басқа адамдармен қарым-қатынас жасау кезінде оларға қысым көрсету мен мәжбүрлеуге жол бермеу.

Толеранттылық мәдениетінің қалыптасуы қазіргі **жаһандану** дәуірінде ерекше өзектілікке ие болып отыр. Осының әсерінен әлем біртұтастыққа қол жеткізеді. Қазіргі таңда көптеген мемлекеттердің ішкі саясаттарының негізгі бағыты халық арасында бейбітшілік пен келісімді орнату болып табылады. Е.Л. Тугжановтың пікірінше, Қазақстан Республикасында ұлтаралық толеранттылықтың қалыптасуы **4 кезеңде** жүзеге асты.

Бірінші кезең 1985-1995 жж. аралығын қамтиды. Бұл кезеңде қазақстандық модельдің 1995 жылы Конституцияның қабылданып және Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылып, этномәдени бірлестіктердің заңнамалық және институционалдық тұрғыдан қалыптасып, құрылуы жүзеге асты.

Екінші кезең — 1995 жылдан 2002 жылға дейінгі аралықты қамтиды. Қазақстандық сәйкестіктің белгілері анықталды. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сәйкестігін қалыптастыру концепциясының негізінде қазақстандық қоғамның қазақ халқының төңірегінде шоғырлануы. Қоғамда этникалық және конфессионалдық қарым-қатынастарды саясиландырудан бас тартудың принциптік пікірі қалыптасты.

Үшінші кезең — 2002 – 2007 жж. аралығы. Этносаралық толеранттылықтың қазақстандық моделін қалыптастыру саясатының жүзеге асырылу кезеңі. Аталған кезеңде орта мерзімге арналған Қазақстан халқы Ассамблеясының Стратегиясы, Тілдерді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, «Қоғамды жұмылдыру идеясы – Қазақстан дамуының шарты ретінде» Концепциясы қабылданып, жүзеге асырылып жатыр. 2006-2008 жылдарда Этносаралық және конфессия аралық келісімнің қазақстандық моделін жетілдіру бағдарламасы іске асырылды.

Төртінші кезең 2007 жылы басталды. Қазақстан халқы Ассамблеясы жаңа конституциялық мәртебеге ие болып, еліміздің бас заң шығарушы органына өз өкілдерін сайлау құқығын иеленді. Ассамблея туралы заңнамалық құжаттың жобасын әзірледі. Бұл кезең Мемлекеттігіміз бен тәуелсіздігімізді сақтай отырып, Қазақстан халқының ұлттық бірлігінің нығаюы және қоғамдық келісімнің қалыптасуымен сипатталады.

(Қараңыз: Қазақстанның мемлекеттік этносаясаты: жаңа трендтер: әдістемелік құрал/Жалпы ред. Е.Л.Тугжанов. — Астана: ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік

басқару академиясы, 2011. — 186 б.)

Қазақстан Республикасында ұлтаралық толеранттылық моделін жүзеге асыру шарттары:

- жаһандану
- мемлекеттің саяси және әлеуметтік-экономикалық өміріндегі өзгерістер
- көші-қон үдерісі
- халықтың этникалық құрамының өзгеруі
- қала және ауыл тұрғындары санының өзгеру динамикасындағы өзгерістер
- сәйкестік мәселесінің өзектіленуі

Посткеңестік кеңістіктегі ұлттық сәйкестік негіздері:

- ұлттық және этникалық ерекшелік теңесетін этникалық парадигма. Осы жерден қазақстандық қоғамның ұлттық ерекшелігінің негізі дәстүрлі қазақ мәдениетінде жатқандығын байқауға болады;
- біртұтас ұлттың қалыптасуына азаматтық ерекшеліктер әсер ететін либералдық-демократиялық тұжырым;
- этнолингвистикалық және азаматтық құрылымдар бір-бірін толықтырып тұратын аралас модель.

Қазақстан Республикасындағы ұлтаралық келісім үлгісінің негізгі ұстанымдары (ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XIV сессиясында сөйлеген сөзінен)

- Этникалық, конфессионалдық, мәдени, тілдік жан-жақтылық.
- Қазақстан ұлттарының тілдері мен мәдениетін дамытуға барлық қажетті жағдай жасау.
- Толеранттылық және жауаптылық.
- Қазақ ұлтының шоғырландырушы рөлі.
- Қазақстан халқының бірлігі.

Қазақстандық модельдің базалық сипаттамалары:

- этникалық сферада азаматтық қоғамның институттарын дамыту;
- мемлекетпен диалогтың институттандыру жүйесінің болуы;
- барлық этникалық топтардың заң алдындағы теңдігі;
- ұлттардың қызығушылықтарын кепілді түрде көрсету және оларды мемлекет билігінің және Парламенттің жоғары деңгейіндегі қоғамдық-саяси үдерісіне тарту;
- ұлтаралық мәселелерді деполитизациялау және ұлтаралық келісімге әсер ететін әрекеттерге тыйым салу.

Бүгінде Қазақстан Республикасы – әлеуметтік-мәдени өлшемдер бойынша толеранттылық ұстанымдары жүзеге асырылып жатқан ең жемісті үлгілерінің бірін көрсетіп отыр, мемлекетте 140-тан астам ұлт өкілдері және 17 түрлі діни көзқарастағы адамдар бір-бірімен келісімде өмір сүреді.

Қазақстан Республикасының халқы

қазақтар — 64,55 %,
орыстар — 22,35 %.
өзбектер - 2,96 %,
украиндер — 1,88,
ұйғырлар — 1,42,
татарлар — 1,22,
немістер — 1,08,
өзге ұлттар — 4,53 %



Қазақстандағы діни бірлестіктер:

- Ислам дініне қатысты республикалық «Қазақстан мұсылмандарының рухани басқармасы» бірлестігі, филиалдар ретінде 2228 мешіт құрамына кіреді;
- Республикалық діни бірлестік – «Митрополит аймағы», 9 епархия мен 261 махалла құрамына кіреді;
- Армяндық апостоль шіркеуі – 1;
- Ескі дәстүрдегі шіркеулер – 8;
- Рим католикалық шіркеулері – 79;
- Иудей қауымдастықтары - 4;
- Буддалық бірлестіктер – 2;
- Протестанттық бірлестіктер – 462;
- Дәстүрлі емес ұйымдар - 16.
- және т.б.

ҚР ұлтаралық келісім моделін жүзеге асыру құралдары:

Қазақстан халқы Ассамблеясы (ҚХА). ҚХА 1995 жылғы 1 наурызда Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен құрылған Мемлекет басшысы жанындағы консультативті-кеңесші орган. Ел Президенті Н. Ә. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын алғаш рет 1992 жылы Тәуелсіздіктің бірінші жылына арналған Қазақстан халқының бірінші форумында жариялады. 2008 жылы 20 қазанда Елбасы «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңға қол қойды. Мұндай институтты құру қажеттілігі саяси тұрғыдан, сондай-ақ жаңадан құрылған, тәуелсіз, полиэтносты, поликонфессиялық мемлекеттің тұрақты дамуы тұрғысынан туындаған еді. Аталған бастама мәдениет аралық диалогты нығайтудың жаңа кезеңінің негізін қалап, этносаралық қатынастарды дамыту мәселелерін жоғары деңгейде шешуге мүмкіндік жасайтын әлемдік тәжірибедегі тың бағыт болып табылды. Жиырма жылдық тарихында Ассамблея қарқынды дамып, елеулі өзгерістерді бастан кешірді. Оның дамуы барысында Н.Назарбаевтың этносаралық толеранттылық және қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі қалыптасты. Осы жылдар ішінде Қазақстан халқы Ассамблеясының институционалдық құрылымы нығайып, қоғамды ұйыстырушы әлеуеті толысты, ол халық дипломатиясының маңызды күретамырына айналды. Бүгінде Ассамблея ел Президенті Төрағалық ететін конституциялық орган болып табылады. Бұл оның ерекше мәртебесін айқындайды.

ҚХА мақсаты мен міндеттері. Ассамблеяның мақсаты қазақ халқын шоғырландырушы халық ретінде қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени құндылықтарын қалыптастыру негізінде қазақстандық азаматтардың ерекшеліктерін қалыптастыру үдерісінде Қазақстан Республикасындағы ұлтаралық келісімді сақтау.

ҚХА міндеттері:

1. этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, қоғамда этносаралық келісімді және толеранттықты одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдайлар жасау;
2. халық бірлігін нығайту, қазақстандық қоғамның негіз қалаушы құндылықтары бойынша қоғамдық келісімді қолдау және дамыту;
3. қоғамдағы экстремизмнің және радикализмнің көріністері мен адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына қысым жасауға бағытталған әрекеттерге қарсы тұруда мемлекеттік органдарға жәрдемдесу;
4. азаматтардың демократиялық нормаларға сүйенетін саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыру;
5. Ассамблеяның мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу үшін этномәдени және өзге де

қоғамдық бірлестіктердің күш-жігерін біріктіруді қамтамасыз ету;

6. Қазақстан халқының ұлттық мәдениетін, тілдері мен дәстүрлерін өркендету, сақтау және дамыту болып табылады.

ҚХА басшылығы. Қазақстан Республикасының Президенті Ассамблеяны құрады және қайта ұйымдастырады, Ассамблея қызметінің бағыттарын айқындайды, Ассамблея басшылығының лауазымды адамдарын қызметке тағайындайды; Ассамблея сессиясын шақырады; Конституцияға және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жұмыс жасайды. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқы ассамблеясын өмір бойы басқауына құқығы бар.

ҚХА құрылымы. Ассамблеяның құрылымын Ассамблея Сессиясы, Ассамблея Кеңесі, Ассамблея Хатшылығы, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ассамблеялары құрайды. Ассамблея Сессиясы – Ассамблея мүшелерінің жиналысы Ассамблеяның жоғары басқарушы органы болып табылады. Сессияны Қазақстан Республикасының Президенті қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет шақырады.

ҚХА құрамы. Ассамблеяның және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың ассамблеяларының құрамы Қазақстан Республикасы азаматтарын - этномәдени және өзге де қоғамдық бірлестік өкілдерін, мемлекеттік органдар өкілдерін және қоғамда өзіндік орны, абырой-беделі бар тұлғаларды қамтиды. Қазіргі уақытта Ассамблея құрамында 382 мүше бар.

ҚХА жұмысы. Ассамблея тарихында 15 сессия өткізіліп, онда қоғам өмірінің маңызды мәселелері мен мемлекет дамуының негізгі бағыттар талқыланды. Қазіргі таңда Республикамызда Қазақстан ұлттарының тілін, мәдениетін, дәстүрлерін дамытуға барлық қажетті жағдайлар жасалған. Этномәдени бірлестіктердің де саны артып келеді, олардың саны қазір 800-ден астам, олардың 28-і республикалық деңгейде. Газеттер мен журналдар 15 тілде, радио 8 тілде, телебағдарламалар 7 тілде шығарылады. Оқыту тек өзбек, ұйғыр, тәжік, украин тілдерінде жүргізілетін 88 мектеп бар. 108 мектепте 22 этностың тілі жеке пән ретінде жүргізіледі. Осымен қатар, балалардан басқа үлкендер де 30 этнос тілдерін оқуға мүмкіндік алған 195 этно-білім беру кешендері, жексенбілік және лингвистикалық мектептер ашылды. Қазақ және орыс театрларын қоспағанда елімізде тағы төрт ұлттық – өзбек, ұйғыр, корей және неміс театрлары жұмыс істейді.

ҚХА мемлекеттік ұлттық саясатты жүзеге асырудағы жұмыстарының негіздері:

- Ұлтаралық ынтымақтастық пен қоғамдық келісім моделін жүзеге асыру;
 - Конфессия аралық диалог және толеранттылық – Қазақстандағы ұлттық келісім негізі;
 - Мәдениет аралық диалог – азаматтықтың жаңа қазақстандық моделін қалыптастырудың негізі;
 - Этнотілдік контекст: мәнді етіп, өмірде қолдану;
 - Аймақтық-халықаралық аспект және еуразиялық интеграция.
- Ассамблеяның жұмысы Қазақстан Республикасының ұлтаралық қатынастарды тиімді шеше білетін мемлекет ретінде халықаралық беделін көтереді.

Ұлтаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі төмендегі ұлтаралық келісімдерді қамтамасыз етудің деңгейлерінде жүзеге асырылады:

- конституциялық және саяси-құқықтық деңгей (Конституцияда қоғамдық келісімді, саяси тұрақтылық пен қазақстандық патриотизмді қамтамасыз ету туралы айтылған);
- доктриналық деңгей (Қазақстанның ұлттық бірлігі доктринасына сәйкес ел тәуелсіздігі ұлттық бірлікті, қоғамдық келісімді сақтау, ұлтаралық толеранттылық мәдениетін қалыптастыру арқылы нығаяды);

• институционалдық деңгей (Қазақстан халқы Ассамблеясының жетекшілік роліндегі азаматтық қоғамның институттарының деңгейі) (Қараңыз: Қазақстанның мемлекеттік этносаясаты: жаңа трендтер: Әдістемелік құрал/ жалпы ред. Е.Л.Тугжанов. — Астана: ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқарау академиясы, 2011. — 204 б.)

Осылай, Қазақстанда әр түрлі ұлттар мен діндер арасында жақсы қарым қатынас орнап, соның әсерінен қоғамда ынтымақтастық қалыптасып отыр. Ұлтаралық және конфессия аралық келісімді қалыптастырудың Қазақстандық моделі айтарлықтай қиын әлеуметтік-саяси мәселелерді күш қолданбай-ақ шешуде тиімді қолданылады. Бұл үлгінің негізі халықтың өз жерінде әр түрлі ұлттар мен ұлыстардың, діндердің көптігін байлық деп түсінуінде жатыр. Қазақ мемлекетінің азаматтық бейбітшілік пен ұлтаралық келісімді нығайтуға мақсатты түрде күш жұмсауы әлеуметтік тұрақтылықтың маңызды факторы болып табылады. Азаматтық қоғамның қалыптасуы барысында халықтың әр түрлі көзқарастары мен қызығушылықтарынан қиындықтар туындауы мүмкін. Бұл мәселені шешуде төмендегі мәнде қолданылатын **жалпыұлттық идеяның** маңызы зор:

- қазақстандық патриотизм мен ұлтаралық келісімге негізделген мемлекеттік идеологияны жүзеге асыру;
- Қазақстан халқы бірлігі мен қоғамдағы толеранттылықты нығайту;
- Қазақстандық қоғамның мәдени, рухани, дәстүрлі және тарихи құндылықтарын сақтауды қамтамасыз ету;
- біртұтас халықтың қалыптасуын ұлттық-мемлекеттік қауымдастық ретінде жүзеге асыру.

2. Этномәдени білімді қалыптастырудың әдістері мен нысандары

Жоғарыда аталып көрсетілген міндеттерді шешуде білім мен тәрбие беретін мемлекеттік институттардың, тіпті отбасылық тәрбие мен білімнің маңызы зор. Балалар мен жастардың этномәдени, этноконфессионалдық сауаттылықтарын қалыптастыруда осы институттардың рөлі ерекше. Қазіргі уақыттағы ғылыми-педагогикалық және саясаттануға байланысты еңбектерде этномәдени білімнің көптеген анықтамалары берілген. Бірқатар пікірлерді талдай келе, этномәдени және этноконфессиялық білімдердің басты мағынасы осы білімді меңгерген адам әртүрлі этномәдениеттер мен діндерді қабылдап, оларды түсінуде белсенді тәжірибесі бар адам болып табылады. Осы тақырып бойынша білім жасөспірімдер мен жастарға әр түрлі мәдениет өкілдерімен ұлтаралық келісімді сақтай отырып қарым-қатынас жасауға бағыттайды. Ғылыми әдебиеттерде осындай құзіреттіліктерді қалыптастырудың сыртқы және ішкі бағыттары бар. Сыртқы мақсат ұлтаралық қатынастардың тұрақталуы, әр түрлі ұлттардың ерекшеліктерін ескере отырып, олармен диалогқа түсу арқылы көрінеді. Ал ішкі мақсат әр адам этномәдени және этноконфессиялық білімдерді біліп қана қоймай, олады практикада белсенді қолдануынан көрінеді. Басқа сөздермен айтқанда, этномәдени білім тек қана полиэтникалық қоғамға бейімделу ғана емес, осы ортада белсенді әрекет ете білу.

Кез келген білімді меңгеруде адамдардың жас ерекшеліктерін ескеруден бастау алады. Біз нұсқаулықта балалармен, жасөспірімдермен, жастармен жүргізілетін жұмыстардың нысандары мен әдістеріне аз тоқталдық, келесі нұсқаулықтарда мектеп жасына дейінгі балаларға, мектеп оқушыларына, жастарға арналған ақпараттар беретін боламыз.

2.1. Мектеп жасына дейінгі балалардың бойына этномәдени дағдыларды қалыптастырудың ерекшеліктері

Мектеп жасына дейінгі балалардың бойына этномәдени білімдерді қалыптастырудың өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл балаларды тек осы біліммен хабардар ету ретінде жүзеге асырылады (белгілі бір ақпаратты білу). Балаларға тек хабардар ету арқылы ғана этномәдени білім берудің себебі, бұл білімді әр адамның 10-11 жасынан бастап қана қабылданады, осы

жастан бастап алынған ақпараттар білім, білік, дағдыға айналып, өмір сүру әдебіне айналады. Этномәдени ақпараттандыру – балаларға тек әр халықтың, ұлттың тарихы мен мәдениетін түсіндіріп қана қою емес, бұл басқа ұлт өкілдерін қабылдауға үйрету. Мектепке дейінгі жастағы балалар әлеуметке белсенді түрде енді еніп келе жатқан балалар, дәл осы кезеңде әр баланың бойында өзі туралы және қоғам туралы түсініктер қалыптасады. Осыған байланысты балаларды этномәдени білімдермен ақпараттандырудың осы кезеңде жүзеге асырылуының маңызы зор. Бұл танымдық және эмоционалдық нысанда жүргізіледі. Этномәдени ақпараттандырудың танымдық нысаны баланың өз ұлтының ерекшеліктерін түсіне білуі, өзінің және басқа ұлттардың салт-дәстүрлерінен хабардар болуы, полиэтникалық қоғамдағы жүріс-тұрыс әдептерін білуі, қажеттеліктері мен қызығушылықтарының мәнін түсіне білу. Этномәдени ақпараттандырудың эмоционалдық нысаны ұлттық мақтаныш, патриотизм, өз ұлтына деген құрметінен құралады.



Этномәдени ақпараттандырудың дұрыс жүргізілуі тәрбие берудің әдістері мен нысандарына байланысты.³ Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес ақпаратты қабылдау ерекшеліктеріне қарай әдіс-тәсілдермен этномәдени түсініктер беріледі. Бұл біріншіден, көрнекілік құралдары арқылы яғни, көзбен көру арқылы түсіндірілетін демонстрация, техникалық құралдарды қолдану; баяндау – түсіндіру, әңгімелеу, оқыту, сөйлесу т.б. арқылы, практикалық және ойын әдістері – жаттығулар, ойындар, қарапайым

тәжірибелер арқылы түсіндіріледі.

Балалармен жұмыс істеу кезінде оқыту мен білім берудің тұтастай оқыту, топтық жұмыс, жеке жұмыс нысандары арқылы оқыту әдістері қолданылады. Тәжірибелі педагогтер балаларға білім беру барысында оқушылардың қызығушылықтарын оятатын, олардың сана-сезімдерін дамытатын әдіс-тәсілдерді тандайды. Мұндай әдістерге төмендегілерді жатқызуға болады.

Жұмыстың әр түрін – танымдық-зерттеушілік, еңбек жұмыстарын, ойын, қозғалыс белсенділігі, көркемдік-музыкалық, коммуникативтік, көркемдік-бейнелік, көркем әдебиеттерді оқыту арқылы жүргізілетін сабақтар топтамасы. Сабақтың тақырыбына сәйкес педагог-тәрбиеші әрекеттің ең басты түрін таңдап алады, мысалы бір сабақта ол құрылымдық нысанда болса, басқа сабақта музыкалық нысанда, үшінші сабақта танымдық тұрғыда жүргізілуі мүмкін. «Әр халықтың би мәдениеті» тақырыбын өту кезінде әрекеттің ең басты түрі музыкалық-хореографиялық әрекет болады (оқушылар әр түрлі халықтардың билерінің элементтерін меңгереді, халықтық музыканы тыңдайды), әрекеттің басқа түрлері (танымдық, көркем бейне әрекеттері) қосымша қызмет атқарады.

Сонымен қатар, әр түрлі мәнде қолданылатын түрлі әрекет түрлері қолданылатын тақырыптар да бар. Мысалы, «Әлем халқының мерекелері» тақырыбын өту кезінде балалар әр халықта қандай ұлттық мерекелер бар екендігін, олар қалай аталып өтетінін білсе, дәл осы тақырыптағы сурет салу сабағында мерекенің ерекшеліктерін сурет қылып салуды үйренеді. Ал музыка сабағында түрлі халықтың әндерін айтып, хор айтуды үйренеді, мәдени сабақта мерекені тойлау кезінде өткізілетін халықтық спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастырады.

3. Бұл әдіс мақсатқа жетудің жолын білдіреді, оқыту әдісі – педагог пен білім алушылардың өзара тығыз байланысы арқылы жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, мектеп жасына дейінгі балаларды белгілі бір халықтық мерекеге қатыстыруға болады (мысалы, «Күзгі жәрмеңке»). Біріктірілген сабақтардың топтамасы педагог-тәрбиешіге тақырып мазмұнын сақтай отырып пәнаралық байланыстарды қолдануға, әрекеттің әр түрлі әдістері мен нысандарын пайдалануға мүмкіндік береді, бұл сабақтардың нәтижесінде балалар этномәдени әлемді жан-жақтан тани алады. Мұндай сабақтардың мазмұны оқушылардың әр түрлі бағыттағы шығармашылық қабілеттерін ашып, белгілі бір халықтың өмір сүру әдебін сезінуіне көмектеседі.

Әңгімелесу. Әңгімелесуді сабақ үстінде тек баяндау үшін ғана емес, оқушылармен өз бетінші жұмыс жүргізудің нысаны ретінде қолдануға болады. Танымдық әңгімелесулер төмендегі сипаттамалар негізінде құрылады:

- балалардың отбасындағы, туыскандарымен араласқандағы өзін-өзі сезінулері, яғни әр отбасының этномәдени ерекшеліктеріне сәйкес өз өмір сүру әдебі бар;
- экскурсиялар, бос уақытын ұйымдастыру арқылы оқушыларға әр халықтың мәдениеті мен ұлтаралық қатынастар саласындағы түсініктерін қалыптастыратын бақылаулар;
- балалардың білімін жүйелеу, нақтылау, жалпылау мақсатында жүргізілетін қорытынды әңгімелер түріндегі білім беру жұмыстары. Әр түрлі әңгімелесулер (танымдық, этикалық, эвристикалық) тек сабақ барысында ғана емес, бос уақыт кезінде де жүргізіледі.

Бейне көрсетелімдер. Бейне фильмдерді балаларға тек сабақ барысында ғана емес, бос уақыттарында көрсете беруге болады (көбіне түстен кейінгі уақыттарда), бірақ бұл жұмыс барысында педагог ұйымдастырушы ретінде рөл атқарып, балалар жұмыс түрлерін өздері таңдайды. Бейнематериал арнайы құрастырылған білім беру бағдарламалары түрінде немесе телеарналардың белгілі тақырыпқа жасаған бағдарламалары түрінде қолданылады. Саяхаттау кезінде адамдардың өздері түсірген бейнематериалдарын көрсетуге болады. Бейне көрсетілімдер біріншіден, балалардың бойында әр түрлі өмірлік образдар мен әр халықтың әрекет ету ерекшеліктеріне бейімделулеріне, екіншіден, тарихи фактілер туралы, халықтардың сәулеттері, ересек адамдардың еңбек етуі туралы бейне фильмдер көру арқылы таным көкжиегін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Этномәдени және мемлекеттік тақырыптардағы түрлі кештер мен мерекелер. Жұмыстың бұл нысаны «мономатериал» түрінде (мысалы, балалардың қазақ және Орталық Азияның басқа да халықтарының салт-дәстүрлерін айқын көрсететін сценарийі бар «Наурыз» мерекесіне қатысуы) немесе басқа да Жаңа жыл сияқты мерекені әр халықтың тойлау ерекшелігі негізіндегі материал түрінде қолданылады. Бұл әрекеттерге балалар қатысса, оларға үлкен көлемдегі позитив пен энергия алуларына мүмкіндік беріледі. Мұндай мерекелер балалардың байқампаздық, тез қабылдау, сезімталдық қасиеттерін және этномәдени құбылыстарға қызығушылықтарын оятады.

Фольклорлық концерттер мен театрландырылған қойылымдар. Жұмыстың аталған түрі ата-аналар, педагогтер мен балалардың ғана қатысуымен де, қаланың немесе ауданның кәсіби өнер майталмандарын білім беру ұйымына шақыру арқылы да жүргізіледі. Концерттер (әндер, билер, музыкалық аспаптарда ойнау) бір тақырыпқа арналған (мысалы, күнтізбедегі мерекелерді атап өту) немесе әр түрлі тақырыпқа арналған (оқы жылының соңында ұйымдастырылатын қорытынды концерттер) болып өткізіле береді. Театрландырылған қойылымдардың сценарийлері этномәдени тақырыпты ашып көрсететін халықтық ертегілер, авторлық әңгімелер желісінде құрастырылады. Олар фольклорлық сипатты сақтай отырып (мысалы, еңбекқорлықты, қонақжайлылықты көрсету) күнтізбелік және отбасылық мерекелерде қойылады.

Концерт болсын, театрландырылған қойылымдар болсын, танымдық және ойын әрекеттерін музыкамен, бимен, театр ойындарымен жалғаса отырып, балаларға басқа ұлт өкілінің ролінде басқа ұлттың мәдениетін сезінуге мүмкіндік береді. Дәл осы концерт және театрландырылған қойылымдар арқылы әр халықтың тұрмыс-тіршілігін, өнері мен мәдениетін жіті түсіндіруге болады деп нық сеніммен айтуға болады.

Мақсатты серуендеулер, экскурсиялар. Балалардың танымдық әрекеттерін ұйымдастыру білім беру ұйымының ішінде ғана жүргізілуі дұрыс емес. Ауданның, қаланың көрікті жерлері, мәдени объектілері, кітапханалары, театрлары, мұражайлары, табиғаты, сондай-ақ күнделікті серуендеу, экскурсия, қоғамдық, мәдени орындарға бару кезінде айналасындағы кіші және ересек адамдармен араласу балалардың туған өлкесіндегі табиғат құбылыстарын, қоғамдық және мәдени өмірімен танысуларына мүмкіндік береді. Балалармен серуендеу кезінде тәрбиеші оларға халықтық ырымдарды түсіндіріп, жұмбақтар жасырып, белгілі бір нақыл сөздің мағынасын сұрап, айналасындағы объектілер туралы ақпараттар айтып беріп, уақытты тиімді өткізуіне болады. Бұл балаларға шынайы ақпараттар алуға көмектеседі. Көрмелерге, мұражайларға және басқа да мәдени орындарға бару балалардың жергілікті аймақ туралы білімін нығайтады, басқа халықтардың мәдениеті мен өмір сүру әдебі туралы кеңінен түсініктер алуына көмектеседі.

Балалардың этномәдени түсініктерін қалыптастыруда ойындардың алатын маңызы зор. Олардың көмегімен тәрбиеші балаларды халықтық мәдениетке баули алады. Мысалы, сандық, садақ, жебе – ескі дәуірде қолданылған заттар, ал кір жуғыш машина, тоңазытқыш – жаңа терминдер. Қозғалыс белсенділігі аз ойындар да (мысалы, тәрбиеші бір сөз айтса, балалар сол сөздің қандай ұлттың мәдениетіне жататындығын табуы керек) дидактикалық түрде де («Ғажайып қалта», «Қатесін тап», «Қажеттісін тап» т.б. ойындар) жүргізіледі.

Адамдар арасындағы ұқсастықты тапқызу да балалардың танымын арттырады. Бұл үшін «Біздің ұқсастығымыз неде?» деген ойынды ұйымдастыруға болады. Бірінші нұсқа. Балалар шеңбер болып отырады. Педагог ортаға өзіне ұқсайтын бір баланы шақырады. Мысалы, «Асқар, екеуміз бір қалады тұрамыз, ортаға шыға ғой», немесе «Маша, екеуміздің көзіміздің түсі бірдей» деген сияқты тіркестермен ортаға шақырады. Ортаға шыққан бала дәл осындай әдіспен үшінші біреуді ортаға шақырады. Ойын балалардың барлығы ортаға шыққанға дейін жалғасады. Екінші нұсқа. Балалар бөлменің әр жеріне шашырап отырады, бір белгіні атайды. Осы белгіге сәйкес келетін балалар айтқан балаға жақындап, топтасады. Мысалы, «Мәңгі тамағын жақсы көретіндер, менің жаныма келіндер», «Велосипедті жақсы тебетін балалар маған келіндер» деген сияқты тіркестер. Осылай балалар бір топтан екінші топқа ортада ауысады. Ойынның аяқталуында балаларды бір-біріне жақындастыратын белгілердің көп екендігі анықталады.

Оқушылардың өз туған елдері туралы білімін анықтау үшін «Қазақстан – туған жерім» саяхат-ойынын, ал сәндік-қолданбалы өнерде «Сувенирлер бұрышы» ойынын ойнатуға болады. Оқушылардың белсенділігін, эмоционалдығын арттыру үшін рөлдік ойындарды ойнатуға болады (тәрбиеші киіз үйдің иесі ретінде, басқа ұлт өкілінің образында шығып өзін көрсете алады).

Әдістемеді тағы бір маңызды әдіс салыстыру арқылы әр ұлттың ерекшелігін тану болып табылады. Салыстыруды әр сабақ барысында жүргізуге болады. Оқушыларға «Мына суреттерді екі топқа бөліндер: бірінші топқа қазақ мәдениетіне жатқызуға болатындарын, екінші топқа орыс және басқа да ұлттардың мәдениетіне жататындарын жинақтаңдар» деп тапсырма беру арқылы осы әдісті жүзеге асыруға болады.

Эвристикалық әңгімелесудің негізінде салыстыру әдісі де, сұрақ-жауап әдістері де қолданылады. Бұл әңгімелесу кезінде тәрбиеші балаларға сұрақ қою арқылы олардың байқампаздығын, түсініктерін, бұрын алынған білімдері туралы ақпараттарын байқап, салыстырады. Берілген жауаптардан қорытынды шығарып, бәріне ортақ, ерекше белгілерді табуға болады.

Әр түрлі халықтың бейнелеу өнеріне арналған осындай эвристикалық әңгімелесулердің тәжірибесінде балалар әр ұлт өз тұрмыстарын әрлеу үшін жиһаздарға өрнек салған, ыдыстарға, үй қабырғаларына суреттер салған екендігін түсінген. Ал қытай және жапон халықтары үлкен көлемдегі суреттерді салып, үйлеріне қабырғаға ілген немесе жиылмалы қағаздарға салып, сақтап, кез-келген уақытта тамсанып қарап отыратын болғандығын да балалар түсінген. Осындай әдіспен балалар барлық халықтың мәдениетін де, жекелеген халықтардың мәдениеттерін де ұғынған.

Балалардың қызығушылықтарын оятатын тағы бір әдіс үлгілеу және құрастыру әдісі. Бұл әдісте әңгімелесу, практикалық жұмыс және ойын түрлері біріктіріледі. Глобуспен, сызбалармен жұмыс, сәулетті суреттерді салу кезінде тиімді қолданылады.

Картаны толтыру әдісі. Әр түрлі материктегі елдердің шекарасын белгілей отырып әлем картасының үлгісін құрастыру. Бұл картаның үлкен көлемде құрастырылып, қабырғада немесе коридорда ілініп тұрғаны дұрыс. Оқушылардың көзімен фломастерлердің көмегімен салынады. Балалар тәрбиешілермен бірге бір халықтың мәдениетіне жататын ерекшеліктерді картадан көрсетеді.

Балаларды этникалық мәдениетпен таныстыруда қолданылатын тағы бір әдіс - жобалар әдісі. Бұл балалардың ерте жастан тәрбиешілермен бірігіп зерттеушілік әрекеттерін қалыптастырады. Зерттеу жұмыстарының тақырыптары педагогтермен бірге, ата-аналарымен бірге таңдалады.

Ата-аналарды мектеп жасына дейінгі балаларға этномәдени білім беруге тарту педагогика саласының ең басты шарты. Төмендегі жолдар арқылы отбасын білім мен тәрбие беру жұмысына тартуға болады:

- Ата-аналарды сабақ өткізуге қатыстыру.
- Ата-аналарды отбасылық көрмелерге қатыстыру.
- Ұлттық белгілер, отбасылық дәстүрлер туралы презентациялар көрсету.
- Ата-аналардан отбасылық суреттер жинақталған альбомдарды, тұрмыс-тіршіліктерінде қолданылатын бұйымдарды балабақшаларда тақырыптық көрмелерде көрсету үшін алу.
- Топ бөлмелерінде отбасылық мұражайларды құрастыру
- Ата-аналармен бірге саяхаттар мен серуендеулерді ұйымдастыру.
- Оқушылармен бірге зерттеу жұмыстарына қатыстыру.
- Ата-аналарды барлық этномәдениет тақырыбында өткізілетін мерекелер мен конкурстарға қатыстыру.

Жоғарыда аталған әдістердің барлығы да сабақтың ұйымдастырылу нысанына қарай әр түрлі бағытта жүргізіледі. Бұл әдістер оқушылардың этномәдени білімдермен ақпараттандырылуына тиімді жұмсалса, білім берудің сапасы мен деңгейін жоғарылатады.

2.2. Жасөспірімдердің бойында этномәдени құзіреттіліктерді қалыптастырудың нысандары мен әдістері

Психологиялық-педагогикалық зерттеулердің нәтижесінде⁴, этномәдени құзіреттілік 10-11-14-15 жастағы жасөспірімдердің тиімді ұлтаралық өзара түсіністіктерін қалыптастыруға бағытталған мінез-құлық әдеби ретінде көрсетіледі. Дамудың осы кезеңінде төмендегі белсенділіктерді танытуға бейім болады:

- Өз ұлтының этномәдени салт-дәстүрлерін, этномәдени дағдыларын ұстану және сақтау;
- Полиэтникалық ортада өзін жайлы сезіну, таным көкжиегін кеңейту, мәдениет аралық байланысты ұстап тұру мақсатында жасөспірімнің өзге ұлттардың мәдениетін түсінуге дайын болуы;
- Түрлі мәліметтер базасын қолданып, (оқу-тәрбие үдерісі, мектептен тыс және сабақтан тыс шаралар, өз бетімен білім алу, бұқаралық ақпарат құралдары, өзге ұлт өкілдерімен араласу, т.б.) этномәдениеттер туралы білімді ізденіп, ақпараттар тауып, олардың нақтылығын тексеру және ұлтаралық байланыстар кезінде сол алған білімдерін қолдану;
- Этникалық мәдениеттерді талдау және алынған білімдерді жүйелеу арқылы әлеуметтік және әлеуметке қатысты этномәдени үдерістерді түсінуге дайын болу;
- Белсенді және жүйеленген әріптестік түрінде ұлтаралық қатынасқа қатысу.

Этномәдени құзіреттілік жалпы алғанда келесі бір-бірімен логикалық байланысқан құрылымдардан тұрады:

1) когнитивті (танымдық) компонент немесе этникалық қауымдастықтар туралы негізгі түсініктер (әр ұлттың тарихын, өмір сүру дағдыларын, ұлттық психологиялық ерекшеліктерін, мәдениеті туралы білу) өзге ұлт өкілдерінің мінез-құлықтарын дұрыс түсінуге, ұлтаралық қатынастарда өзінің әдеп сақтауына көмектеседі;

2) мінез-құлық компоненті немесе операциялық негіз (өзге этностармен аралас ортада тиімді қарым-қатынас орнатудағы жүріс-тұрыс үлгісі, стратегиялар, дағдылар); ұлттық ерекшеліктерді бойына сіңіру (ән айту, би билеу, салт-дәстүрлерді ұстану, т.б.) ұлтаралық қатынастардың сәтті орнатылуына және әр ұлттың мәдениетінің ерекшеліктерін тануға бағытталған;

3) аффективті компонент немесе эмоционалдық-құндылықтық негіз (әр адамның полиэтникалық ортаға позитивті қарым-қатынасы, өзге ұлт өкілдерінің өмір сүру дағдыларына толерантты көзқараспен қарау, аффективті деңгейде байланыс жасай білу, өзге ұлттардың өнерлерімен танысу кезінде оң эмоцияларын жасырмау, өзгелердің сезімдерін сезіне білу және түсіну) тиімді ұлтаралық өзара әрекеттестік пен түсіністікті қалыптастырады.

Осыған байланысты этномәдени құзіреттіліктің тиімділігінің критерийлері төмендегі деңгейлер бойынша анықталады:

- Білімділік. Алынған білімдерін география, тарих, фольклор, салт-дәстүрлер, өнер, тұрмыс-тіршілік, халықтық ойындар, өзге ұлт өкілдерінің және өз халқының құндылықтары деген сияқты ғылым мен күнделікті өмір салаларында көрсете білуі. Өз ұлтының, өзге ұлттың салт-дәстүрлерін қабылдауы, өзге ұлт өкілдеріне толеранттық емес қарым-қатынас жасаудың салдары, қақтығыстарды бейбіт түрде шеше білу құзіреттіліктерін меңгеру.
- Тәрбиелік. Этноцентризм, этникалық, нәсілдік конфессиялық сенімдерден, қарым-қатынас кезіндегі интолеранттықтан аулақ болу. Өз өмір сүру әдебі мен көзқарастарын өзгерту.
- Бейімделу, яғни жасөспірімнің полиэтникалық ортаға үйренуі.

Этномәдени құзіреттіліктер когнитивті және операциялық құрамдас бөліктердің тек оқытылуымен ғана емес, сол білімнен алынған білік пен дағдылардың көлемімен өлшенеді[6]. Этномәдени құзіреттіліктегі ең басты сапа полиэтникалық ортада бейбіт өмір сүрі мақсатында мәдениет түрлерін зерттеу болып табылады. Сондықтан, Қазақстанның, Қырғызстанның, Ресейдің және тағы да басқа көптеген мемлекеттердің білім беру жүйелерінде халықтық педагогикадағы дәстүрлердің пайда болуына байланысты білім берудің тиімді әдісі ізделу үстінде. Педагогтер бұл әрекеттегі маңызды міндетті айқындап көрсетті, ол – өскелең ұрпақты өзге халықтардың мәдениетін түсіну және құрметтеуге, барлық халықтарға құрметпен қарауға үйрету, яғни этномәдени құзіреттілікті толығымен қалыптастыру.

Танымдық деңгей оқушылардың өз ұлты мен өзге ұлттардың тарихы, мәдениеті, дәстүрлері, тілі туралы ақпараттарды меңгерген кезде көрінеді. Сондай-ақ, әр түрлі халықтардың мәдениеттері өкілдерінің ұлттық-психологиялық ерекшеліктерін білу, этномәдени әртүрлілікті түсіну, ұлтаралық қатынастардың тәжірибесі мен теориясын білу де оқушылардың танымдық деңгейін көрсетеді.

Оқушылардың теориялық дайындығы оның жүріс-тұрыс әдебінен көрінеді. Нақты атап айтатын болсақ, оқушылардың өз ұлтының этникалық ерекшеліктерін меңгеруінен (дәстүрлі өнер, кәсіп түрлерін меңгеруі); өзге ұлттардың арасында ортақ тіл таба білуі; өзге ұлт өкілдерімен позитивті қарым-қатынас ұстану (сөз сөйлегенде оларға қолдау көрсете отырып,

4. Қараңыз: мысалы, әдебиеттер тізіміндегі №1-3-7 жұмыстар

жоғары дауыс ырғағы мен сөз сөйлеу стилінің оптимистік түрін таңдау, олардың қызығушылықтарын оята сөйлеу) арқылы көрінеді.

Эмоционалдық деңгейде оқушылардың эмпатиялары мен ұлтаралық қарым-қатынас рефлексияларын ояту; ұлттық мақтаныш сезімін қалыптастыру; ұлтаралық қатынастарға оң көзқарасын қалыптастыру; этномәдени әртүрлілікті қабылдау; адамдардың ұлттық-мәдени ерекшеліктеріне құрметпен қарау; ұлтаралық қатынастар кезінде жеке психологиялық кедергілерді жоя білу; ұлтаралық келіспеушіліктерді азайтуға талпыну; ойлаудың, көзқарастың, пікірлердің басқа болуынан жапа шекпеу; өзге мәдениеттерге және олардың ерекшеліктеріне қызығушылықпен, құрметпен қарау; ұлтшылдық, шовинизм, расизм, геноцид деген құбылыстарға қарсы тұру; өзге ұлт өкілдерінің сұраныстарына, іс-әрекеттеріне жауап бере білу; кез-келген жағдаятты объективті түрде бағалау қабілеттері қалыптасады.

Зерттеулер мен тәжірибелердің нәтижесінде мектеп оқушыларына этномәдени құзіреттіліктерді қалыптастыру үшін ұжымдық-топтық жұмыстар тиімді әдіс болып табылады. Сабақтың мақсатына қарай сабақты ұйымдастыру нысандары мен әдіс-тәсілдері таңдалады. Сабақ ойын түрінде, диалог түрінде, талдау түрінде, вернисаж, жарыстар мен конкурстарды ұйымдастыру түрінде жүргізілуі мүмкін.

Сабақтан тыс жұмыстардың этнобағытталған нысандарын міндеттеріне қарай 4 топқа бөлуге болады:

- 1) Әлеуметтік бағытталған нысандар («дөңгелек үстелдер», конференциялар, митингілер, сынып сағаттары, түрлі этникалық диаспоралардың өкілдерімен, тарихшылармен, этнографтармен, өнер мен мәдениет қайраткерлерімен кездесулер, т.б.);
- 2) Танымдық нысандар (өлкетанулық және этнографиялық экскурсиялар, Мәдениет күндері, фестивальдер, ауызша журналдар, викториналар, тақырыптық кештер, мұражай ұйымдастыру, студия, секция, үйірмелер, көрмелер т.б.);
- 3) Тәжірибеге бағытталған нысандар (шеберлік сыныптары, тренингтер, рөлдік ойындар);
- 4) Ойын-сауық нысандары (ертеңгіліктер, кештер, халықтық мерекелер, жәрмеңке, фольклорлық концерттер, театрландырылған қойылымдар, ұлттық спорт пен ұлттық ойындардан жарыс т.б.).

Жасөспірімдердің бойынша этномәдени құзіреттіліктерді қалыптастыру, ұлтаралық қатынастар саласындағы оқыту мен тәрбие берудің **алдыңғы қатарлы әдістері:**

1. **Кроссмәдени** (салыстырмалы-тарихи, салыстырмалы, компаративті) бірнеше этномәдениетті қатар зерттеп, ортақ ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау және айырмалшылықтар мен ұқсастықтардың сесбін айқындау;

2. **Эмоционалдық қабылдауға бағытталған әдістер** тұлғаның өмірлік құндылықтарды, эстетикалық сезімдерді, игеруіне әсер етеді. Осы мақсатта төмендегі әдістер қолданылады:

а) Эмпатия әдісі өзге этникалық топтың жағдайын білім алушының сезінуі;

б) Контраст әдісі оқушыларға төмендегі жағдаяттарды сезінулеріне мүмкіндік береді:

- позициялар: мейірімді-ашулы, ынтымақшыл-агрессивті; қонақ-үй иесі, келімсек-жергілікті тұрғын;

- қоршаған ортаны тану жолдары: суреттердегі символикалық, ән айту және би билеу өнерінің ерекшеліктері, т.б.

с) рефлексия әдісі ұлтаралық қатынастар саласында оқушыларға өзіндік көзқарасын қалыптастыру үшін қолданылады. Бұл өз кезеңінде баланың өзін-өзі тәрбиеленуіне мүмкіндік беретін әдіс.

3. Жобалау әдісі әлем халқының мәдениетін, өнерін, дәстүрлерін, тұрмыс-тіршілігін, психологиясын анықтап көрсететін сабақ уақытында және сабақтан тыс уақыттарда қолданылатын материалдарды жинақтау, зерделеу, талдау үшін ерекше маңызды әдіс болып табылады.

4. Ұлттық және ұлтаралық факторлардың теоретикалық-ақпараттық негіздерін үлгілеу және қайта құрастыру әдісі қолданылады. Мысалы, білім беру кезінде тұрмыс-тіршіліктің

ерекшеліктерін, оқушылардың өз бетімен шешулері керек болатын ұлтаралық қатынастар кезінде туындайтын өмірдің барлық жақтарын үлгілеу.

5. Ұлтаралық қатынастар туралы оқушыларға білім берудің тағы бір тиімді әдісі түрлі ойындар мен ойын нысандары арқылы танымдық үдерісті ұйымдастыру.

Жаттығулар, тапсырмаларды орындау арқылы оқушылардың алған білімдерін бекітуге болады. Мысал ретінде белгілі бір халықтың мәдениетіне жататын белгілер арқылы жаттығу жасатуды алуға болады.

6. Жаттығулар, тапсырмаларды орындау арқылы оқушылардың алған білімдерін бекітуге болады. Мысал ретінде белгілі бір халықтың мәдениетіне жататын белгілер арқылы жаттығу жасатуды алуға болады.

Жаттығу барысы: жасөспірімдер тобын өз ішінен топтарға бөлеміз (3-4 адамнан). Олар белгілі бір халықтың мәдениетін сөзбен, музыкамен, сурет салу арқылы, қимыл-қозғалыс арқылы көрсетуі керек. Берілетін уақыт - 10-15 минут. Әр топ ортаға шығып ешқандай сөйлеместен оларға берілген халықтың мәдениетін сипаттап береді. Ал басқа топтар олардың қандай ұлттың мәдениетін жасырып тұрғандығын табуы тиіс. Сондай-ақ оқушыларға сөзжұмбақтар, сұрақтар, дидактикалық ойындар ұйымдастырғызуға болады; басқа ұлтпен қарым-қатынас кезінде өзін қалай ұстау керек деген тақырыпқа жадынама; халықтық ертегілерден құралған сюжет құрастыру; ою-өрнектерден барлық халықтарға ортақ белгілерді табу сияқты әрекеттер арқыды сабақты қызықты өткізуге болады.

7. Көрнекілік құралдар да оқушының әр түрлі қабылдау сезімдеріне әсер ету арқылы дайын білімді оқушыларға беруде маңызы зор.

Ескере кететін жайт, оқушыларға материалды меңгертуге берілетін танымдық материалдар **принциптік талаптарға сәйкес** келуі керек.

Біріншіден, материалдың нақтылығы. Оқушыларға берілетін білім (этномәдени бағыттары) ғылыми тұрғыда дәлелденген, нақты зерттеулер жүргізіліп, нақтыланған ақпараттар болуы керек.

Екіншіден, материалдың қолжетімділігі. Ғылыми ақпарат 5-7 сынып оқушыларының қабылдауына сәйкес және түсінікті тілмен баяндалған болуы керек.

Үшіншіден, материалдың қызықтылығы. Танымдық материалдың мазмұнында оқушылардың білім алуға деген қызығушылықтарын оятып, олардың когнитивті білімін кеңейтетін мәдени өмір, ұлттар тарихы, әр халықтың тұрмыс-тіршілігі туралы ақпараттар берілуі керек. Демонстрациялық және көрнекілік құралдарды, көркем әдебиеттерді, халық даналығының әр түрлі нысандарын (жұмбақ, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер), атақты адамдардың афоризмдерін, музыкалық және өнер құралдарын кеңінен қолдану.

Төртіншіден, материалдың даралығы. Ақпарат оқушының қызығушылығын арттырып, оның этномәдени ортадағы қажеттіліктерін қанағаттандыра алатындай, өзін-өзі жетілдіруіне бағыт беретіндей болуы керек.

Бесіншіден, вариативтілік. Берілетін ақпарат объективті аргументтерге, дәлелдерге негізделген және антистереотиптік элементтер қосылған болуы керек.

Ең соңғы талап, кешенділік. Танымдық материал түрлі әдістер арқылы жеткізіледі (вербалды әдістер – әңгімелеу, түсіндіру, әңгімелесу; көрнекілік құралдары – иллюстрациялар, демонстрациялар; практикалық әдістер – тәжірибелер, жұмыс істеудің үлгісін көрсету, бақылау және зерттеу жұмыстары). Бұл әдістердің көмегімен оқушылар көру арқылы, есту арқылы, қолмен ұстап көру арқылы ақпаратты қабылдайды.

Жасөспірімдердің этномәдени құзіреттіліктерін қалыптастырудың ең тиімді әдістері оқытумен тәрбиелеудің интербелсенді әдістері деп қорытынды жасауға болады. Бір-бірімен байланыс жасайтын оқушылардың этномәдени құзіреттіліктерін қалыптастыру үдерісінде осы әдістердің қолданылуы әр баланың белсенді жеке тұлғалық ұстанымдарын жетілдіріп, қандай ортада болмасын өзін толыққанды өз бетімен еңбек ете алатын субъект ретінде көрсетуіне жол ашады.

2.3. Тренинг жастардың этномәдени құзіреттіліктерін қалыптастырудың әдісі ретінде

Жастар — тек жас ерекшеліктерімен ғана емес, қоғамдағы дәрежесімен ерекшеленетін топ: бұл әр адамның балалықтан кемелдену кезеңіне өтетін шағы. Жастар деген категориясына әр елде әр түрлі жас аралықтағы азаматтарды жатқызады. Көптеген деректер мен анықтамалықтар бойынша орташа есеппен ең төменгі жас деңгейі 14 пен 16 жас аралығында, ең жоғары жас мөлшері 25 пен 35 аралығындағы азаматтар жастар санатына жатқызылады, яғни жастардың жас ерекшеліктеріне нақтыланып бекітілген белгілі бір шектеулер қойылмайды. 1985 жылы Халықаралық жастар күнін дайындау барысында Халықаралық жастар күні бойынша Консультативтік комитеттің баяндамасында «Жастардың хронологиялық сипаты балалар мен ересектерге қарағанда, әр елде өз мәдениеттеріне қарай әр түрлі болып келеді. Дегенмен, Біріккен ұлттар ұйымының статистикасы бойынша 15-24 жас аралығындағы азаматтар жастар санатына жатқызылды және бұл ұйымға мүше мемлекеттердің өз жас ерекшеліктеріне еш қайшы келмейді», делінген. (Қараңыз: <http://www.un.org/esa/population/cpd/cpd2012/cpd45.htm>).

Жастар – халықтың ең өзгермелі әлеуметтік тобы, себебі бұл топ өзінің көзқарастарында, қызығушылықтары мен құндықтарында, ұстанымдарында өздерінің пікірлерін тез өзгертеді. Дәл осы топтың мінез-құлқынан, ұстанымдарынан бүкіл қоғамның тынысы байқалады: жастардың адамгершілік құндылықтары кез келген халықтың болашағын айқындайды. Жастардың әлеуметтік таңдауы көптеген халықтың, мемлекеттің тарихындағы қиын кезеңдерде шешуші рөл атқарған. Қазақстан мен Қырғызстан мемлекеттері де әлемдегі саяси және экономикалық тенденцияларға сәйкес жаһандық өзгерістерді бастан кешуде. Бұл мемлекеттерде жаңа саяси институттар құрылып, заңнамалық базасы жетілдірілуде, ұлттық қарым-қатынастар саласында мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру бойынша органдар құрылып, жұмыс жүргізуде. Кеңес Үкіметінен кейінгі қоғамда мемлекеттердің жаңа әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге тап болуы көптеген мемлекеттерде дағдарыс тудырып отыр, ең біріншіден бұл дағдарыс халықтардың адамгершілік құндылықтары мен құқықтарына әсер етуде. Осындай жағдайларда жастарды тәрбиелеу педагогикалық қауымның зияткерлік және рухани құндылықтарды бірлестіре отырып білім беруін талап ететін, қиын да күрделі үдеріс. Жастардың ортасында нақты тиімді тәрбие жұмыстарын жүргізу үшін ақыл мен жүрекке еш әсер етпейтін формалды шараларды ұйымдастырудан бас тарту керек.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде соңғы жылдары интернационалдық, патриоттық, еңбекке баулу, адамгершілік, құқықтық және басқа да тәрбие жұмыстарының түрлері бойынша әдістемелік тәсілдердің көп түрі берілген. Осы бөлімде жастардың этно-конфессионалдық құзіреттіліктерін дамытудың тиімді нысандарының бірі ретінде тренингті ұйымдастырып, өткізуге басты назар аударамыз.

Тренинг — жеке тұлғалық қасиеттерді немесе белгілі бір топтың стратегиясын жоспарлауға бағытталған түрлі тапсырмаларды орындау дағдыларына баулитын әдіс. Тренинг жүргізудің тілі – жаттығу. Бұл білім берудің басқа әдістеріне қарағанда дәл осы жаттығу жүргізуімен ерекшеленетін әдіс. Тренинг — тәжірибе арқылы білім беру: оқыту барысында негізгі назар керекті дағдыларды, жүріс-тұрыс модельдерін, ойлау әдістерін меңгертуге бағытталады. Теория бұл әдісте аз мөлшерде беріледі, оның себебі білімнің жаңа модельдері нақты қабылдануы керек. Тренинг – бұл интербелсенді оқыту: оның түрлері қатысушылардың санына, олардың мотивациялары мен қимыл-қозғалыстарына қарай өзгеріп отырады. Тренингте сабаққа белсенді қатысу жүзеге асырылады, бұл – ойлау мен жүріс-тұрыстың жаңа модельдерін меңгеру үшін ең тиімді әдіс. Тренингте топ мүшелері толығымен жұмыс істейді: олар әр адаммен араласу кезінде өзі үшін керекті түрлі тәжірибелерді меңгеруі мүмкін. Тренинг, сондай-ақ, нәтижелілікті қамтамасыз етеді. Адамдар бір топқа жиналып, ортақ жұмыс атқарып, бір мақсатқа жету жолында әрекет ететін болса, синергетикалық эффект пайда болады. Топтың жалпы нәтижесі оның мүшелерінің

жекелеген нәтижесіне қарағанда, көбірек және сапалы болып келеді.

Қазіргі таңда «тренинг» түсінігінің нақты белгіленген анықтамасы жоқ. Бұл әр уақытта әр түрлі нысанда, әр түрлі әдістер арқылы жүргізіледі. Дегенмен, оқытудың бұл әдісі жүргізілмесе, білікті мамандарды қалыптастыру қазір мүмкін емес деп айтуға болады.

«Тренинг» ағылшын тілінен аударғанда (train, training) жаттықтыру, жаттығу, тәрбиелеу, оқыту деген мағыналарды білдіреді. Тренинг ақпарат ала отырып, түсініксіз жағдайларды талқылауға, сұрақ қоюға мүмкіндік алса, онда берілген ақпарат тез меңгеріледі және алынған білімдер білім алушылардың мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Қазіргі әдебиеттерде тренинг әр түрлі нысанда түсіндіріледі. Мысалы, Ю.Н.Емельянов тренингті белгілі бір қиын ақпаратты оқыту мен меңгертуде қолданылатын әдістер топтамасы деп түсіндіреді. Дж. Морено: «Тренинг - адамның кәсіби және жеке тұлғалық болмысын үйлестіру мақсатында адамның, топтың психологиялық көзқарастарын өзгертудің көпфункционалы әдісі», - дейді. Курт Левин болса, адамдарға белгілі бір нәрсені түсіндіруде жеке жұмыс жүргізу емес, топпен жүргізудің тиімді болатынын айтады.

Тренингтер ұйымдастырып оқытудың арнайы нысаны ретінде ХХ ғасырдың орта тұсынан бастап кеңінен тарала бастады. Мысалы, АҚШ-та 50-жылдары 1947 жылы құрылған Ұлттық тренингтер зертханасы белсенді түрде жұмыс істеді, бұл зертханада басқарушы мамандарға, менеджерлерге, саяси көшбасшыларға арналған тренингтер құрастырылды. Тренингтерге қатысушылар тұлғааралық әрекеттестік, басқару дағдылары, ұйымдардағы қақтығыстарды шешу, топтық біртұтастықты нығайту туралы білімдерді меңгерді. Кейбір тренингтер адамның өміріндегі құндылықтарды, оның сезімдерін күшейтуге бағытталды.

Психологтер әлеуметтік-психологиялық тренингті «тұлғааралық қатынастар туралы білімді, әлеуметтік көзқарастарды дағдылар мен тәжірибелерді жетілдіруге бағытталған құрал», «қарым-қатынас жасау кезінде құзіреттілікті дамыту құралы», «психологиялық әсер ету құралы» ретінде қарастырады. Бұл әдіс балаларға, жастарға, ата-аналарға, түрлі ұйымдардың басшыларына қолданылды. Тренингті қолдану тәжірибелері Ю.Н.Емельяновтің, В.П.Захаровтың, Г.А.Ковалевтың, Х.Миккинның, Л.А.Петровскаяның, Т.С.Яценконың т.б. авторлардың еңбектерінде көрсетілген. Тренингтер көптеген тренингтерге қойылатын ұстанымдарға негізделіп жүргізіледі:

- белсенділік;
- шығармашылық көзқарас (жеке өзгеріс пен даму);
- жүріс-тұрысты түсіну;
- әріптестік қарым-қатынас;
- тренердің жұмыс жүргізу ерекшеліктері.

Белсенділік ұстанымы арнайы құрастырылған әрекетке қатысушылардың барлығын тартуды көздейді. Мысалы, белгілі бір рөлдерде ойнау, арнайы жаттығуларды орындау, тренингке басқа қатысушылардың әрекеттерін бақылау, әрекет етуге кез-келген уақытта дайын болу. Белсенділік ұстанымы эксперименталдық психологияның мәлімдеріне сүйене отырып жүзеге асырылады: қатысушылардың 10% естіген материалын есте сақтайды, 50% көрген нәрсені есте сақтайды, 70% өзі айтқан нәрсені және 90% өзі істеген нәрсені есте сақтайды екен.

Шығармашылық көзқарас ұстанымы әр адамның жеке мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, шығармашылық қабілеттерін ашуға негізделген. Бұл үшін анықталмаған жағдаят туғызылып, осы жағдаят бойынша тәжірибе жүргізіледі. Көп жағдайда тренингке қатысушыларға үйреншікті емес орта таңдап алынады. Сол себепті, қатысушылар үйреншікті ортада бойындағы бар білімімен қалыптасып қалған болғандықтан, бас кезде қарсылық білдіруі мүмкін. Мұндай жағдайда қатысушыларға өз мінез-құлқын бақылап отыруға кеңес беруге болады, яғни бұл ұстанымды жүзеге асыру кезінде өзін-өзі қайта «қалыптастыру» үдерісі қатар жүреді.

Жүріс-тұрысты түсіну ұстанымы қатысушылардың мінез-құлқын импульсивтіліктен объективтілікке ауыстыруға негізделеді. Өзін және өзінің жүріс-тұрысын түсінудің құралы – кері байланыс. Тренингтегі кері байланыс «әлеуметтік-психологиялық ортада қоршаған

ортадан біздің жүріс-тұрысымызды қалай қабылдайтындығы туралы ақпарат алу. Тағы да бір психологиялық термин «рефлексия» кері байланыспен бірдей ұғымда қатар жүреді. Тиімді кері байланысқа жағдай жасау – тренердің негізгі міндеті. Түсінудің қосымша құралдары ретінде қатысушылардың сөйлеген сөздері мен әрекеттері жазылған аудио, бейнежазбаларды қолданылады. Тындап, көру арқылы қатысушылар өз әрекеттерін талқыға салады, қатысушылар бір-бірімен әңгімелеседі.

Әріптестік қарым-қатынас ұстанымы барлық қатысушыларды бір-бірімен тығыз байланыс жасауға, олардың сезімдері мен эмоцияларын, толқуларын сезінуге, өзінен басқа адамның бойындағы құндылықтарды мойындауға негізделеді. Ұстаным қауіпсіз, ашық, бір-біріне сенетін ортада жүзеге асады. Бұл ұстаным шығармашылық ұстанымымен тығыз байланысты.

Тренингті ұйымдастырып өткізу барысында жағдаятқа байланысты тренингтің барлық ұстанымдарын ұстанған жөн.

Тренердің жұмысының ерекшелігі ұстанымы топқа және өз-өзіне әрдайым аналитикалық талдау жүргізіп отыруымен ерекшеленеді. Зерттеудің объектілері жұмыс жоспары, топтың даму деңгейі мен тұтастығы, қатысушылардың өзара қарым-қатынасы, топтың жеке қатысушыларының жағдайы, олардың өз-өздеріне, басқаларға қарым-қатынасы, тренердің өзінің жағдайы болып табылады. Тренингтің тиімділігі тренердің топқа әсер алуында. Тренинг жүргізу құралдарына әр түрлі әдістемелік тәсілдерді жатқызуға болады: рөлдік ойындар, жеке әңгімелесулер, топтық талқылаулар, психогимнастикалық жаттығулар, т.б. Сондай-ақ, тренингтің тиімділігі тренердің топқа әсер ете білуіне, оның өмірлік тәжірибесіне, қарым-қатынас тәжірибесіне, шеберлігіне тікелей байланысты.

Тренингтің мақсаты мен мазмұнына, топтың ерекшелігіне, жағдаятқа, тренердің мамандығы мен мүмкіндіктеріне байланысты әдістемелік, практикалық, әлеуметтік-психологиялық әдістер таңдалады.

Қатысушыларды белсенді араластыру және тренингтің жоспарланған міндеттеріне жету мақсатында тренер психогимнастика, топтық талқылау немесе миға шабуыл сияқты топтық жұмыстар мен тренингті өткізудің әдіс-тәсілдерін мұқият таңдап алады.

Психогимнастика – жазбаша, ауызша, вербалды және бейвербалды жаттығулар топтамасы. Бұл жаттығулар 2-3 адамнан құралған шағын топтарда да, үлкен топтарда да қолданылады. Психогимнастикалық жаттығулар арнайы бір немесе бірнеше психикалық қабілеттерге әсер ететіндей таңдалады (ес, назар, ойлау).

Психогимнастикалық жаттығулар миға әсер етіп, кері байланыс арқылы бір мәселені жан-жақты түсінуге көмектеседі. Тренингтерге бір мәселені шешу үшін әр түрлі психогимнастикалық жаттығулар орындалады: қозғалыс, есеп, сурет салу, назар аудару, т.б. Психогимнастикалық жаттығулар жеке бір адамға немесе бүкіл топ мүшелеріне арналған болып келеді. Бұл жаттығуларды орындау үшін алдымен физикалық жаттығулар түріндегі шаршағанды басып, көңіл-күйді көтеретін сергіту сәтен жасап алған дұрыс.

Тренер жаттығуды таңдау кезінде өткізу уақытын, топтың құрамын, қатысушылардың физикалық күйін, олардың даму деңгейі мен дайындығын ескеруі тиіс. Бұл жаттығуларды дұрыс орындау үшін қатысушыларға инструкция дұрыс түсіндіріліп, топ мүшелерінің барлығы да не істеу керек екендігін түсінген кезде ғана барып орындауға кірісу керек.

Кейбір жаттығуларға тренер өзі де қатысады. Барлық жасалатын жаттығуларды қатысушылар бірге талқылайды, тренер соңғы қорытынды анализді шығарады.

Кез-келген тренингте қатысушылар аз уақыттың ішінде өзіне керекті өмірлік тәжірибелерді алып, өзін жеке тұлға ретінде сезініп, болашақтағы мамандығын таңдауға бағыт алады.

Тренингтерде мақсатты түрде топтың қатысушыларының жұмысқа қабілеттілігін қалыптастыруға бағытталған жаттығулар да жүргізіледі. Бұл жаттығулар жастардың бойында қарым-қатынасқа бейімдік, айналасындағы адамдарға сене білу, креативтілік, ойлау қабілетінің тереңдігі сияқты қабілеттерді, сондай-ақ оның өзіне және өзге адамдарға, өмірге деген көзқарастарын да қалыптастырады.

Сонымен, кез-келген тренингті дайындау мен өткізу 4 кезеңнен тұрады:

Тренингті дайындау

Тренингтің мақсаты мен міндеттерін, күтілетін нәтижелерді айқындау.

Керекті дағдыларды меңгертуге бағытталған тапсырмалар мен ақпараттардың логикалық бірізділігін анықтау.

Тренингтің әдіс-тәсілдерін анықтау: дәріс, рөлдік ойындар, жағдаяттық ойындар, пікірталастар, жұппен немесе үштікпен жасалатын жаттығулар, демонстрациялар, «миға шабуыл», жағдаяттарды талдау (case study) үлгілеу, бейне және аудио материалдарды талқылау, т.б.

Тренингтің бағдарламасын жасау (модуль, жоспар).

Әдістемелік материалдарды дайындау.

Құрал-жабдықтарды дайындау.

Өткізу орнын анықтау және ұйымдастыру бөлімі.

1. Тренингті өткізу.

Топтың дайындығы мен қатысушылардың жеке дайындығына сәйкес тренингтің бағдарламасын жүзеге асыру.

2. Тиімділікті бағалау

Қатысушылардан кері байланыс (сауалнамаларды толтырту).

Тренингтің соңында кері байланысты жүзеге асыру.

Есеп дайындау: топ жұмысы, ұсыныстар, алдағы уақыттағы әрекеттер, оқытудың үлгілік жоспары.

Ұйымның жетекшісімен тренингтің қорытындысын талқылау.

3. Тренингтен кейінгі қолдау

Білік пен дағдыларды жетілдіру бойынша жеке консультация.

Қатысушылардың болашақтағы дамуы бойынша басшылықтың консультациясы.

Жеке және барлық топ қатысушыларына арналған тренингтен кейінгі қолдау көрсету.

Алдағы уақыттағы әріптестікке байланысты бірлескен ұсыныстарды құрастыру.

Тренингті өткізудің бір үлгісі осы нұсқаулықтың қосымшасында берілген

Қорытынды

Білім беру және тәрбиелеу үдерістері ұлттық болмысты қалыптастыру мен мәдени-ұлттық құндылықтарды жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады. Тек жақсы білім мен тәрбие алған азамат тарихи және мәдени өзгерістерге қатыса алады. Мұндай азамат өзінің белгілі бір халыққа жататындығын сезіне алады, оның мәдениеті жоғары, жан дүниесі бай, жоғары рухани құндылықтарды меңгерген болып келеді. Дегенмен, білім берудің тағы бір маңызды бөлігі – жастарды өзге ұлттардың тіршілік болмысы мен мәдениетін түсінуге үйрету. Әр түрлі ұлттардың мәдениеті бір-бірімен араласқан кезде ғана, жекелеген халықтардың мәдениетінің ерекшеліктері айқын байқалады.

Этномәдени білім мен тәрбие бірнеше ұстанымдарға сәйкес берілуі керек. Біріншіден, этникалық және тілдік топтарға берілетін білім заң шеңберінде шектелген және барлық ұлт өкілдерінің этномәдени саладағы қызығушылықтары мен сұраныстарын бірдей қанағаттандыратындай болуы керек. Екіншіден, этномәдени білім беруге тек білік пен дағдыны қалыптастыруға арналған механизм ретінде ғана емес, адами және ұлттық болмыстың сақталуы мен дамуын қамтамасыз ететін институт ретінде қабылдау керек. Үшіншіден, этно-конфессионалдық білім беру бағдарламасы көпмәдени тұлғаны қалыптастыру, жеке тұлғаның өз мәдениетін толық меңгеріп, өзге ұлттардың мәдениетін түсінуі, әр мәдениеттің өзара байланысы деген түсініктерге негізделіп құрастырылуы керек.

Этномәдени білім беруге аймақтағы этномәдени білім беру кеңістігі көмектеседі, яғни бір аймақта тұратын әр түрлі ұлттардың ұлттық мәдениеттерін қолдауға жағдай жасау, этникалық мәдениеттерді дамытуға арналған шаралар. Этномәдени кеңістік бір жағынан этномәдени білім беруге қажетті жағдай жасайды, екінші жағынан этномәдени білім беретін қоғам мен жеке тұлғаның нақты әлеуметтік-мәдени институты ретінде жұмыс істейді. Бұл отбасы, аналық тәрбие, балаларға арналған мектепке дейінгі білім беру ұйымдары, мектептер, оқу орындары, ұлттық-мәдени орталықтар, үйірмелер, курстар, жалпы қосымша және кәсіби білім беру орталықтары, т.б. Құрылымы бойынша кеңістік екі органикалық бөлімнен құралады: институционалдық (мектеп, колледждер, оқу орындары, т.б.) және формалдық емес (отбасындағы білім мен тәрбие, достармен, көршілермен қарым-қатынас жасау, т.б.). Формалдық емес білім беру этномәдени және этно-конфессионалдық білім беру жүйесінде ерекше орын алады. Бұл қойылған міндеттің орындалуында маңызды рөл атқарады, этномәдени білім формалдық емес білім беру арқылы тәжірибеде көрсетіледі.

3. Қосымша: практикалық материалдар

Жоғары сынып оқушыларына арналған сауалнама

1. Сіз тұратын ауданда/кентте/қалада/ауылда өмір сүретін ұлттарды атаңыз.

2. Өзге ұлт өкілдеріне сіздің қарым-қатынасыңыз қандай?

- 2.1. Сыйлаймын
- 2.2. Жек көремін
- 2.3. Маған бәрібір

3. Сіз олармен қандай деңгейде қарым-қатынас жасауға дайынсыз?

- 3.1. Сабақ кезінде араласамын
- 3.2. Достық қарым-қатынас
- 3.3. Жақын достар
- 3.4. Өзімнің тағдырымды байланыстыруға дайынмын
- 3.5. Араласқым келмейді

4. Сіз өзіңіз өзге ұлт өкілдеріне қандай үлгі көрсетер едіңіз немесе олардан қандай үлгі аласыз?

- 4.1. Сабақ барысында
- 4.2. Бос уақытты өткізу жолы
- 4.3. Мінезіндегі ерекшеліктер
- 4.4. Ас үйлеріндегі ерекшеліктер
- 4.5. Киім кию ерекшелігі
- 4.6. Отбасыларындағы қарым-қатынас
- 4.7. Отбасындағы тәрбие
- 4.8. Мәдени, ұлттық дәстүрлер
- 4.9. Өнер мен музыка
- 4.10. Ештеңе

5. Сіз оқитын сыныпты көпұлтты отбасы деп атай аласыз ба? Неге?

Жауап бергеніңіз үшін рахмет!

«Азаматтың өмірлік ұстанымы»

(өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі тану тренингінде қолдануға болады)

Мен – табиғат перзентімін және табиғат мырзасымын, сондықтан мен....

- көк аспанды, жарқыраған жұлдыздарды, жер мен теңізді жақсы көремін;
 - күн шыққанға, жаңбыр жауса, қар жауса, жел тұрса, бәріне де қуанамын;
 - шөптерді таптамаймын, гүлдерді жұлмаймын, құстарды қорқытып ұшырмаймын, жануарларды ренжітпеймін;
 - табиғаттың дауысын ести аламын, табиғатпен сөйлескенді жақсы көремін, жер табиғаты үшін алаңдаймын;
 - өз күшім жеткенше табиғаттың гүлденгеніне барымды саламын;
- барлық адамдармен бірге табиғаттың жағдайына жауаптымын.

Жер бетіндегі барлық тірі ағзаларға қарағанда, Мен – ерекше саналы ақыл иесімін, сондықтан мен....

- бірнәрсені түсінбей жатып, оған сенбеймін;
- ойлаудың негізгі құралы ретінде өзімнің сөзімді жетілдіремін;
- өз әрекеттеріме жауап беремін, ойланбай әрекет етпеймін;
- өмірлік жағдайларды, жеке жүріс-тұрысымды, өзімнің қарым-қатынасымды ойланып істеймін;
- мақсат қоя білемін және оны шешудің лайықты жолдарын таңдап аламын;
- ойланбай әрекет етуге, қылмыс жасауға қарсы тұра аламын;
- өз өмірімде не болып жатқанына толық жауап бере аламын.

Мен өмірді барлық қырынан қабылдай аламын, сондықтан мен....

- барлық өмір нышандарын қарсы аламын, өмірі өшіп бара жаста көңілім бұзылады;
- кез-келген тірі жанға зиян келетін әрекеттер жасамаймын;
- адамдардың көңіл-күйлерін, денсаулықтарын ескеремін;
- біреуге жаман болса, мұңына ортақтасамын, біреу қуанса, мен де бірге қуанамын, біреу ренжулі болса, оны қорғаймын;
- өз денсаулығыма жауап беремін, менің денемнің әдемі мен қайратты болуы үшін барымды саламын;
- біреудің өміріне қауіп төніп тұрса, көмекке асығамын;
- өмірдің объективті заңдылығын түсінемін, себебі ол маған жер бетінде еркін өмір сүруіме көмектеседі.

Мен оларсыз өмірді елестете алмайтын адамдармен бірге өмір сүремін, сондықтан мен....

- айналамдағы барлық адамдарды оның жасына, мамандығына, жағдайына, қызметіне, сырт келбетіне қарамастан мен, ең алдымен, Адам ретінде қабылдаймын;
- басқа Адамды тыңдаймын, көремін, қабылдаймын, түсінемін;
- басқа Адамдарға олардың рұқсатымен көмек көрсетемін;
- басқа Адамдарға жылы көзқараста боламын және олармен сөйлесуге әрқашан дайынмын;
- айналамдағы адамдарды құрметтеумен қатар, мен олардан маған ұқсамауларына және

менің оларға ұқсамауыма құқығым бар екенін білемін;

- басқа Адамның жеке тұлғасына және оның өмір сүрі ерекшелігіне қызығушылық танытамын;
- жер бетіндегі барлық адамға бақыт тілеймін, оларды бәрі ақсы болғанын қалаймын.

Мен – жасампазбын, бұл менің Жер бетіндегі өзіндік «Менімді» көрсететін жалғыз әдіс, сондықтан мен...

- табиғаттың және адамның қолдан жасаған нәрселерін құрметтеймін, кез келген еңбекті және адамның өз жұмысын адал атқаруын бағалаймын;
- оқығанды жақсы көремін және өз мүмкіндіктерімді ашу үшін оқуға тырысамын;
- бос сандалып жүрмеймін және ешқандай жұмыстан қашпаймын;
- тапсырылған жұмысты тез әрі сапалы орындау дағдыларымды жетілдіремін;
- мені қоршаған ортаны және жағдайларды жақсартуға тырысамын;
- әлеммен әрекеттестікте болу үшін көптеген әр түрлі білік пен дағдыларды меңгеремін;
- маған бақыт сыйлайтын және жер бетінде мен өз қолымнан бірнәрсе жасауға көмектесетін өзімнің кәсіби жұмысымды іздеймін.

Мен біреуге масыл болмас үшін өзім өмір сүре алатын ақша таба білуім керек, сондықтан мен...

- өзімнің жұмысқа қабілеттілігімді арттырамын;
- бастаған жұмысымды аяқтаймын;
- өз уақытымды жоспарлаймын, басты нәрселерді бірінші орынға қоямын, маңызды емес жұмыстарды кейінге қалдырамын;
- ешкімнен ақша сұрамаймын, ата-аналарымнан талап етпеймін, ешкімнен қарыз алмаймын және бөтен адамның ешқандай затын алмаймын;
- ақшаны саналы түрде жұмсаймын, менің қолымда ақша бар болса, мен оны өмір сүру құралы ретінде ғана қараймын;
- өзіме тәжірибе жинаймын;
- «өмір сүру құралын» және «өмір сүрудің маңызын» дұрыс бөлемін, материалдық байлық тек өмір сүру құралы ғана екенін түсінемін.

Мен – Ер азамат атауын алып жүрген қоғамның бір бөлігімін, сондықтан мен...

- мықтымын, өз-өзімді қолға ала білемін, кең пейілдімін;
- әрқашан арқа сүйей алатын адаммын;
- балалардың, әйелдердің, қариялардың, барлық әлсіз жандардың қорғаушысымын;
- менің отбасымда, мектебімде, қаламда, елімде болып жатқан нәрселерге жауап беремін, бұл жауапкершілікті өз еркіммен және мақтанышпен алып жүремін;
- әйел затын табиғатты жалғастырушы ретінде құрметтеймін, оның алдында бас иемін;
- болашақта сүйікті және сүйе білетін жар болуға, әке болуға, отбасының асыраушысы болуға дайынмын;
- ішкілікті, шылым шегушілікті, төбелес құмарлықты, жаман сөздер сөйлеуді ер мінездік танытудың жалған әдістері ретінде жек көремін, төмен ортаның жаман әрекеттеріне қарсы тұрамын.

Мен әйел заты деген атауды алып жүрген, қоғамның бір бөлігімін, сондықтан мен...

- әрқашан әдемімін, нәзікпін, мейірімдімін;
- достармен танысу кезінде дұрыс пікір айта аламын, ер адамды дұрыс таңдаймын;
- өз білімімді жетілдіремін, себебі әдемі болу үшін ақыл да керек;

- мейірімді, қамқор боламын, кез келген тірі жанға көмек көрсетуге дайын тұрамын, адамдарға қарым-қатынас кезінде әдеп сақтаймын;
- болашақта сүйікті және сүйе білетін жар болуға, ана болуға, отбасының эмоционалдық тірегі болуға дайынмын;
- әйелдер қоғамның рухани деңгейін көрсететінін және ер азаматтарды ұлы іске жетелейтін де әйел адам екенін түсінемін.

Менің ішкі дүнием бар, жеке «Менім» қалыптасқан, сондықтан мен...

- ішкі дүниемді жетілдіремін, оны жаңа біліммен, тәжірибемен толықтырамын;
- ішкі құпияларымды сақтаймын, ешкімнің менің ішкі дүниемді қозғауына жол бермеймін;
- әр адамның жекелігін мойындаймын және құрметтеймін;
- маған өзіммен-өзім жеке қалған ұнайды, жалғыздықтан қорықпаймын, мұндай кездерде мен өзімнің жеке «Меніммен» сөйлесемін;
- дұрыс емес қылық жасаған кезде мені арым мазалайды;
- өз уақытымен өзімнің ішкі дүниемді тазартып отырамын, өзіме дұрыс баға беремін, жаңа мақсаттар қоямын;
- өзімнің әлемімді жасаушымын, яғни өз өмірімнің қожайыны өзіммін, өз бақытымды өз қолыммен жасаймын.

Мен – өз Отанымның ұлымын, мен – өз Отанымның қызымын, сондықтан мен...

- өз Отанымның өткенін зерделеймін, бүгінгіне қызығушылық танытамын, туған жерімнің болашағына алаңдаймын;
- халқымның бай әрі көркем тілін құрметтеймін;
- елімде болып жатқан жағдайларға белсенді түрде қатысамын және отандастарымның тағдырына алаңдаймын;
- отаныммен мақтанамын және отандастарымның дұрыс емес қылықтары үшін ұяламын;
- өз халқымның дамып, гүлденуін тілеймін, артық жұмыс істеуден, біреуге бағынудан құтқарамын;
- өз елімнің гүлденуі үшін өз ісімді адал атқарамын;
- егер қажет болса, мен өз елімді шамаам жеткенше қорғауға әзірмін.

Менің бостандығым

- Мен еркін адаммын, бірақ мен айналамда көп адам бар қоғамда өмір сүремін сондықтан...

1. Мен үшін әрдайым және барлық жерде екі қатаң тыйым бар:

- **БАСҚА АДАМНЫҢ ЖЕКЕ БАСЫНА ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫНА ҚАРСЫ БОЛУҒА БОЛМАЙДЫ**
- **ЖҰМЫС ІСТЕМЕУГЕ, ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРМАУҒА ЖӘНЕ ӘРЕКЕТ ЕТУ БАРЫСЫНДА ТУАТЫН ЖЕКЕ ҚАБІЛЕТТЕРДІ ДАМЫТПАУҒА БОЛМАЙДЫ**

2. Еркін таңдау жасай отырып, мен алдымен, істегелі отырған әрекетімнің арты не боларын болжап аламын:

- **МЕН ҚАЗІР НЕНІ ҚАЛАЙМЫН?**

ОСЫ ӘРЕКЕТКЕ БАРҒАННАН КЕЙІН МЕН ӨЗІМДІ ҚАЛАЙ СЕЗІНЕМІН?

МЕНІҢ ЖАНЫМДАҒЫ БАСҚАЛАР ӨЗДЕРІН ҚАЛАЙ СЕЗІNETІН БОЛАДЫ?

3. Енді мен өзімнің қалауларымды, пайымдауларымды жеткізе аламын, жағдайға байланысты әрекет ете аламын:

-АҚЫЛСЫЗ БОЛЫП КӨРІНУДЕН ҚОРЫҚПАСТАН,

-БАСҚАЛАРҒА ҰҚСАП КЕТУДЕН ҚОРЫҚПАСТАН,

-БАСҚАЛАРДЫҢ ҚАЛАУЛАРЫН, ПІКІРЛЕРІН, ӘРЕКЕТТЕРІН ҚҰРМЕТТЕЙ ОТЫРА.

Авторы - п.ғ.д. Н.Е. Щуркова

Ұлтаралық қақтығыс жағдаяттарды шешу дағдыларын қалыптастыру тренингі

Тренинг бағдарламасы

1. Мақсаты: этнотолеранттылықты дамыту, қақтығыс жағдаяттарды тиімді шешуге жаттығу жасау. Тренингте «Кейс әдісі» және «Рөлдік ойындар» психотехнологиялары қолданылады.

2. Танысу. Танысу әр түрлі халықтарға тән амандасу түрлері арқылы жүргізіледі. Әрі қарай көңіл күй мен адамдардың қазіргі күйі талқыланады. Әрі қарай тренингке қатысушылар тренингтің соңына дейін бір мәдениеттің адамы ретінде рөлде ойнайды.

3. «Визит картасы». Қатысушыларға сұрақ: «Қақтығыс дегенді сіздер қалай түсінесіздер және өмірде оларды шешудің қандай тиімді әдістерін қолданасыз?». Тапсырма «Метафора ретінде немесе пиктограммалық сурет арқылы қағаздың сол жақ бөлігіне қақтығыс жағдайындағы сіздің күйіңіз және алған әсеріңізді бейнелеңіз, ал оң жақ бөлігіне сіз үшін жағдаяттың тиімді шешілгенін бейнелеңіз. Дәл сол кездегі алатын әсеріңізді өз денеңізбен көрсетіп беріңіз. Қалған қатысушылар осы қимылды қайталаса болады.

4. Жағдаятты ойнап көрсетіп беру. Тапсырма. Қатысушыларға таратылған материалдарда баяндалған немесе қатысушылардың өздері айтқан кейбір ұлтаралық қақтығыстардың сценарилері шағын топта талқылауға беріледі. Әрі қарай осы жағдаяттарды қатысушылар түрлі рөлге ойнап көрсетулері керек. Бірақ, жағдаяттан шығу жолын көрсетпес бұрын, топтың барлық қатысушылары өздерінің жағдаятты шешу бойынша ұсыныстарын айтуы керек.

5. Дағдыны қалыптастыру. «Лайықты жауап» жаттығуы. Барлық қатысушылар бір қатысушының жүріс-тұрысына немесе сыртқы келбетіне қатысты ренжітетіндей ескерту жазылған карточка алады. Барлығы кезектесіп дөңгеленіп тұрып карточкада жазылған сөзді оқып шығады. Бұл сөздерді олар бір-біріне қарап оқиды.

6. Қорытынды. Кері байланыс. Тапсырма. Визит картасының артқы бетіне «Менің жаңа дағдыларым» тақырыбында сурет салу.

Дереккөздер: Кашапов М.М., Конфликттік құзіреттілік қарсыласты толерантты қабылдаудың негізі ретінде // ғылыми мақалалар жинағы. Қазіргі қоғамдағы толеранттылық: Пәнаралық зерттеулер тәжірибесі/ ғылыми жетекші: М.В. Новиков, Н.В.Нижегородцева – Ярославль : ЯГПУ баспасы, 2011. Б.15-18; Пралиев С.Ж., Намазбаева Ж.И., Каракулова З.Ш., Садыкова А.Б. «Шығармашыл зияткер тұлғаны қалыптастыру». Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: “ҰЛАҒАТ” баспасы, 2013 -120 б.

«Өзіңмен және басқалармен бір әлемде өмір сүру» тренингі

Тренингті «Толерантты сананы қалыптастыру және ресейлік қоғамда экстремизмнің алдын алу» жобасы бойынша М.В. Ломоносов атындағы ММУ психология факультеті, тұлға психологиясы кафедрасының және «Гратис» Ғылми-практикалық психологиялық жәрдем беру орталығының қызметкерлері әзірлеген.

Мақсатты топ – жоғары сынып оқушылары, жастар.

Тренинг үш мәселелі блоктардан тұрады.

1- блок. Толеранттылық түсінігі (1-3 сабақтар)

Бірінші блоктың мақсаты:

- «толеранттылық», «толерантты тұлға», «толеранттылық шегі» ұғымдарымен танысу;
- қоғамда толеранттылық пен шыдамсыздықты таныту туралы талқылау.

2-блок. Өзіне және топтың қатысушыларына толеранттылық таныту (4-6 сабақтар)

Екінші блоктың мақсаты:

- өзіне деген құрметті сезіну және басқаларды құрметтеу;
- топтық әрекеттестік кезінде әр қатысушының жеке тұлғалық қасиеттерінің әр түрлілігін түсіну;
- өзіне-өзі талдау жасау, өзін-өзі тану, өзі туралы жақсы көзқарастағы ішкі диалогты қалыптастыруды жетілдіру;
- өз халқына жақсы көзқараста болу;
- жақсы көзқарастағы кері байланыс пен топтың қолдауын алу арқылы өзіне деген бағаны арттыру.

3-блок. Басқаларға қарым-қатынас жасаудағы толеранттылық (7-10 сабақтар)

Үшінші блоктың мақсаты:

- қақтығыс жағдаятынан шығудың конструктивті тәсілдерін үйрену, өзінің ойын және уайымдауларын еш қақтығыссыз және зорлық-зомбылықсыз жеткізе білуге үйрену;
- әлеуметтік қабылдауларды, әлеуметтік ойларды, сенімді, басқа адамдарды тыңдай білуді, эмпатияға қабілеттілікті, қолдау көрсетуді жетілдіру;
- әлеуметтік байланыстарды нығайтатын коммуникативтік дағдыларды жетілдіру;
- ұлтаралық байланыстарда түсіністік пен толерантты мінез-құлық танытуға дағдылану.

Жалпы ұсыныстар

1. Тренинг 1-1,5 сағаттан тұратын он бір сабаққа есептелген.
2. Қатысушылардың саны 15 адамнан аспауы керек.
3. Тренингті жүргізі үшін толерантты сананы қалыптастыруға мүмкіндік беретін

шығармашылық орта сақталатындай арнайы бір бөлме берілгені дұрыс. Тренингтің өту барысында бөлме «толерантты» атрибутикамен толығып отыруы керек.

4. Тренингті жүргізуші тек сабақтың мазмұнына ғана емес, оқыту барысына басты назар аударғаны дұрыс.

Сабақтың құрылымы

Әр сабақ үш бөлімнен құралған:

1. *Сергіту сәті.* Топ мүшелерінің белсенділігіне әсер ететін, жақсы атмосфераның қалыптасуына, біртұтас әрекет етуге көмектесетін жаттығулар.
2. *Сабақтың негізгі мазмұны.* Бұл бөлімде сабақтың тақырыбын түсінуге бағытталған дәріс, ойындар, жаттығулар, тапсырмалар беріледі.
3. *Рефлексия.* Әр сабақтың соңында топ мүшелері өз ойларымен, пікірлерімен, көңіл күйлерімен бөлісе алатындай уақыт қалдырып отыру керек.

Тренинг мақсаты:

- Топ мүшелерін «толеранттылық», «толерантты тұлға» түсініктерімен, толеранттылық кезінде және шыдамсыздық кезінде байқалатын критериялармен таныстыру, адамдармен араласу кезінде және басқа да орталарда толерантты мінез-құлық көрсетудің үлгілерін көрсету.
- Қатысушыларды толерантты тұлғаның белгілерін қалыптастыратын әдістерге үйрету.
- Эмпатияға бейімділікті, қиялдауды, қолдау көрсетуді, сенімді, өзін-өзі тануды «Мен» және «Басқалар» контекстінде жетілдіру.

1-сабақ. ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ: БҰЛ НЕ? (I бөлім)

Мақсаты:

- қатысушыларды «толеранттылық» түсінігімен таныстыру;
 - толеранттылықты өзі түсінуі бойынша қатысушылардың пікірін тыңдау:
- 1) «ғылыми анықтама» тудыру негізінде;
 - 2) экспрессивті нысанның көмегімен;
 - 1) ассоциативті қатарды қолдану арқылы.

Кіріспе бөлім

Мақсаты: мәселеге кіру.

Танысу. Топта жұмыс істеу ережелері қолданылады. Жүргізуші қатысушыларға оларға қалай атаған ұнайтынына байланысты өздерін таныстыруды сұрайды (мысалы, бүркеншік ат қолдану).

«Қар үйіндісі» жаттығуы

«Оң жақтағы көрші, сол жақтағы көрші» жаттығуы

Мақсаты:

- топта достық қарым-қатынастағы, бір-біріне еш күш көрсетпейтін атмосфера орнату;
- топ ішіндегі сенімді және топ мүшелерінің біртұтастығын жетілдіру.

Қолына доп ұстаған қатысушы өзінің оң жағындағы және сол жағындағы көршілерінің атын атайды, содан кейін өзін таныстырады. Осыдан кейін ол допты топтың кез келген мүшесіне қарай лақтырады. Допты қағып алған қатысушы да өзінің сол жағындағы және оң жақтағы көршісінің атын атап, содан кейін өзінің атын атайды. Ойын осылай жалғаса береді.

«Біздің ұқсастығымыз қандай?» жаттығуы

Өту барысы. Топ мүшелері дөңгеленіп отырады. Жүргізуші өзіне әйтеуір бір жері ұқсайтын бір қатысушыны ортаға шақырады. Мысалы, «Света, ортаға шық, себебі екеуміздің шашымыздың түсі ұқсас». Света ортаға шығып, осындай жолмен тағы біреуді ортаға шақырады. Ойын топтың барлық мүшелері ортаға шыққанға дейін жалғасады.

«Комплименттер» жаттығуы

«Толеранттылық деген не?» жаттығуы

Мақсаты:

- қатысушыларға «толеранттылық» ұғымының ғылыми түсінігін беру;
- «толеранттылық» түсінігінің көпәспектiлiгiн көрсету.

Өту барысы: Жүргізуші топ мүшелерін 3-4 адамнан тұратын топтарға бөледі. Әр топ «миға шабуылдың» нәтижесінде өздерінің толеранттылық туралы түсініктерін жеткізулері керек. Қатысушылар олардың ойынша толеранттылық қандай мағына беретінін сұрау керек. Анықтама қысқа әрі нұсқа болуы керек. Талқылаудан кейін өздерінің берген анықтамаларын барлық қатысушылармен бөлісуін сұрайды. Топтағы талқылау біткеннен кейін, әр анықтама тақтада немесе ватман қағазында жазылады.

Сабақты қорыту.

2 - сабақ. ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ: БҰЛ НЕ? (II бөлім)

Сергіту сәті.

«Жалпы ритм» жаттығуы

Мақсаты: топтың біртұтастығын арттыру.

Өту барысы. Топ мүшелері дөңгеленіп тұрады. Жүргізуші белгілі бір жылдамдықпен ритмді ұлғайта отырып бірнеше рет шапалақтайды, бұл ритмді топ мүшелері де жалғастырып әкетулері керек: жүргізушінің оң жағында тұрған қатысушы бір шапалақтайды, одан кейін екінші қатысушы шапалақтайды, осылай жалғасып кете береді. Бір ритмде тек бір адам ғана шапалақтап тұрған сияқты дыбыс шығару керек.

«Толеранттылық эмблемасы» жаттығуы

Мақсаты:

- Толеранттық анықтамасымен бірге жұмысты жалғастыру.
- Қиялды дамыту, өз ойын жеткізудің эксперименталды әдістерін дамыту.

«Толеранттылық пантомимасы» жаттығуы

Өту барысы. Барлық қатысушылар 3-4 топқа бөлінеді (3-5 адамнан). Әр топ тақтада ілінген толеранттылықтың бір анықтамасын алады.

Міндеті: алынған анықтаманы, ыммен көрсету керек. Басқа қатысушылар не туралы айтып тұрғанын түсініп, табулары керек.

Талқылау. Жүргізуші төмендегі сұрақтарды қояды:

- Қандай пантомиманы табу кезінде еш қиындық тумастан, тез таптыңыздар?
- Пантомиманы ойлап тапқан кезде топпен бірге қандай қиындықтарға тап болдыңыздар?

«Себет» жаттығуы

Мақсаты:

- ассоциалды қатар арқылы «толеранттылық» түсінігімен жұмыс істеу;
- фантазияны, шығармашылық ойлауды дамыту.

Өту барысы. Жүргізуші әр түрлі ұсақ заттар салынған себетпен ортада шеңбермен жүріп шығады. Қатысушылар себетке қарамай бір затты алады. Бәрі дайын болған кезде, жүргізуші қатысушылардың қолдарындағы заттың толеранттылық ұғымымен қандай байланысы бар екендігін айтып берулерін сұрайды.

Сабақты қорытындылау.

3 - сабақ. ТОЛЕРАНТТЫ ТҰЛҒА

Мақсаты: толерантты және толерантты емес тұлғаның ерекшеліктері мен олардың арасындағы айырмашылықтар туралы түсіну.

Сергіту сәті.

«Өзгеру» жаттығуы

Мақсаты:

- метафоралық құралдар арқылы өзін-өзі тану және өз ойын сыртқа шығару. Өту барысы. Қатысушылар дөңгеленіп отырады. Жүргізуші олардың төмендегі сөйлемдерді жалғастыруын сұрайды:
- «Егер мен кітап болсам, болар едім (сөздік, өлеңдер жинағы)».
- «Егер мен тағам болсам, болар едім (ботқа, бәліш, картоп)».

«Толерантты тұлғаның ең басты қасиеттері» жаттығуы

Мақсаты:

- қатысушыларды толерантты тұлғаның негізгі қасиеттерімен таныстыру;
 - жасөспірімдерге өздерінің толеранттылық деңгейін ұғынуларына мүмкіндік беру.
- Өту барысы.* Қатысушылар А және Б бағандары көрсетілген сауалнама бланкілерін қолдарына алады. А бағанында толеранттылықтың 15 қасиеті көрсетілген. Жүргізуші толерантты тұлғаның бойында болуы тиіс 15 қасиетті түсіндіріп береді. Б бағанына әр қатысушының өзіне маңызды болып есептелетін қасиеттерді жазуларын сұрайды. Сауалнаманы толтыруға 3-5 минут уақыт беріледі. Содан кейін жүргізуші алдын ала тақтаға жабыстырылған дайын бланкті толтырады. Бұл үшін ол Б бағанында бірінші көрсеткен қасиетті жазғандардың қолдарын көтеруін сұрайды. Дұрыс жауап бергендер есептеліп, бланктің бағанына жазылады. Осылай әр қасиет бойынша жауаптардың саны есептеледі. Ең көп жазылған толеранттылық қасиет толерантты тұлғаның ең басты қасиеті болып саналатын болады (осы топтың көзқарасы бойынша).

Қысқаша дәріс «Толерантты тұлға мен толерантты емес тұлғаның айырмашылықтары қандай?»

Мақсаты: толерантты тұлға туралы психологтардың пайыдауларымен таныстыру.

«Сиқырлы дүкен» жаттығуы

Мақсаты: қатысушылардың толық толерантты тұлға ретінде өздерін қабылдауларына қандай қасиеттер жетіспейтіндігін түсінуіне мүмкіндік беру.

Сабақты қорытындылау:

- Толерантты тұлғаға қандай қасиеттер тән?
- Толерантты емес адамның қасиеттері қандай?
- Сіздің ойыңызша, толерантты тұлғаны қалыптастыруға қажетті жағдайлар қандай?

4 - сабақ. МЕН ЖӘНЕ МЕНІҢ ТОБЫМ: ӨЗІҢЕ ДЕГЕН ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ. ӨЗІҢДІ ҚҰРМЕТТЕУ

Мақсаты:

- өзіңе деген қатынас басқаларға деген толеранттылықпен қандай байланыста екендігін

көрсету;

- өзіңе деген толеранттылықтан басқаларға деген толеранттылық қалай қалыптасатынын көрсету;
- тұлғаның өз-өзіне қатынасында өзін құрметтеудің қалай әсер ететінін көрсету;
- жоғары сынып оқушыларының өзін жақсы бағалауын қалыптастыру;
- жасөспірімге өз қабілеттерін, тұлғалық ерекшеліктерін түсініп, оны айналадағы адамдардың қалай көретінімен салыстыру;
- қандай жолдар арқылы қарым-қатынасты толерантты етуге болатындығын көрсету.

Сергіту сәті.

«Бой-боймен тұру» жаттығуы

Мақсаты: біртұтастықты, өзара түсіністікті, топтағы келісімді арттыру.

Өту барысы: Қатысушыларға көздерін жұмып, бой-боймен тұру керек.

«Қол шапалақтау» жаттығуы

Мақсаты: топ мүшелерінің белсенділігін, өз-өздерін бағалауларын арттыру, көңіл-күйлерін көтеру.

«Өзін кім бәрінен жақсы мақтайды немесе «Қара күнге» естелік» жаттығуы

Мақсаты:

- өзі туралы жақсы көзқарастағы ішкі диалогты жүргізу дағдысын қалыптастыру;
- өзін талдау дағдысын жетілдіру.

«Сенімсіз – сенімді – өзіне-өзі сенімді» жаттығуы

Мақсаты: сенімсіздік, сенімділік және өзіне-өзі сенімділік күйлерін бастан кешіру; осы күйлерге байланысты қарым-қатынас стилін зерттеу.

Өту барысы. Жүргізуші топ мүшелерін жұптарға бөледі. Жұптағы біреу өзіне сенімсіз, ал екіншісі сенімді адамның рөлін ойнайды. Олардың әрқайсысы өз рөлдерін басқаларға түсінікті етіп көрсетулері керек. Содан кейін қатысушылар рөлдерін алмастырып, қайта көрсетеді. Соңында жүргізуші екі адамның да өз-өздеріне сенімді адамдардың рөлінде ойнауларын сұрайды. Әрі қарай жаттығуды талдайды.

«Нобель сыйлығы» жаттығуы

Мақсаты: жасөспірімдердің әлеуметтік құзіреттіліктерін арттыру, «адамзат алдындағы жауапкершілікті сезінуді» бастан кешіру, болашақ туралы арманмен, қиялмен жұмыс істеу.

Өту барысы. Жүргізуші қатысушыларға нобель сыйлығы туралы айтып береді, тақтаға оқушылар өз баяндамаларын дайындауға арналған сұрақтарды жазады. Әр лауреаттың сөзіне шапалақ ұрылады. Әр қатысушы сөйлеп болғаннан кейін оларға сұрақтар қойылады. Өз жетістіктері туралы айтып үлгере алмай қалған топ мүшелері өзінің номинациясын атап, не себепті сыйлықты алып отырғандығын қысқаша түсіндіреді.

Сабақты қорытындылау.

5 - сабақ. МЕН ЖӘНЕ МЕНІҢ ТОБЫМ: ӨЗІҢЕ ЖӘНЕ БАСҚАЛАРҒА ДЕГЕН ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ. ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ

Сергіту сәті.

«Қай ертегінің қаһарманына ұқсаймын?» жаттығуы

Мақсаты: метафоралық нысанда өзінің ойын білдіру, топ қатысушыларынан кері байланыс қабылдау, нақты тұлғааралық қабылдаулар дағдысын қалыптастыру.

«Бес жақсы сөз» жаттығуы

Мақсаты: топтан кері байланыс алу, өзіне деген бағаның артуы, өзін-өзі тану, басқа адамға жағымды әсер қалдыру.

Өту барысы. Сіздердің әрқайсыларыңыз алақан түрінде қағазды ойып қиып, оған өз аттарыңызды жазасыздар. Осы қағазды сіз оң жағыңызда тұрған адамға бересіз, ал сізге сіздің сол жағыңызда тұрағын адам береді. Оның берген қағазындағы бір саусаққа сіз оның иесіне қатысты бір жақсы сөз жазасыз. Жаттығу соңында әрекет талқыланады.

«Менің затым мен туралы не біледі?» жаттығуы

Мақсаты:

- өзін-өзі ашу, өзін-өзі тану;
- топ ішіндегі сенімді арттыру.

Өту барысы. Қатысушылар дөңгеленіп отырады. Бір қатысушы өзінің бір затын қолына алып, сол заттың атынан өзінің иесі туралы айтады. Мысалы, «Мен – Жайнаның түймесімін, мен онымен танысқаным көп болған жоқ, бірақ ол туралы айтарым...». Осылай топ мүшелерінің барлығы айтып шығады.

«Мен қандаймын?» жаттығуы

Мақсаты: жасөспірімге өзін түсінуге, оның өзіндік «Мені» оны айналасындағылар қалай көретінен қаншалықты сәйкес келетінін ұғыну.

Сабақты қорыту.

6- сабақ. МЕН ЖӘНЕ МЕНІҢ ТОБЫМ: ӨЗІМЕ ЖӘНЕ ӨЗГЕЛЕРГЕ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ ТАНЫТУ. ТОЛЕРАНТТЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Сергіту сәті.

"Бұл тамаша!" жаттығуы

Мақсаты: өзіне деген бағаны арттыру, топтан қолдау көру.

Өту барысы. Бір қатысушы ортаға шығып өзінің қабілетін, талантын, дағдысын айтады (мысалы, мен жақсы билеймін, мен арықтардан секіріп өте аламын). Бұл сөздерге басқа қатысушылар хормен " Бұл тамаша!" деп қолдау тұрулары керек. Осылайша кезектесіп барлық қатысушы ортаға шығады.

"Мені қуант" жаттығуы

Мақсаты: әлеуметтік түсініктерді қалыптастыру, сезімталдықты, басқа адамды түсіну дағдыларын жетілдіру.

Өту барысы. Ортаға қатысушылардың біреуі шақырылады. Бүгін оның туған күні болып мысал алынады. Басқалардың міндеті - оған қуаныш сыйлау. Қатысушылардың өздері оған не сыйлайтынын шешеді: зат немесе оқиға, тіпті басқа нәрсе (жарысқа арналған автомобиль, саяхат, жағалаудағы вилла, математика сабағынан бестік, т.б.). Кімнің сыйлығы ең жақсы болса, туған күн иесінен жауап алады, туған күн иесі оған қарап жымияды. Сыйлығы ең сәтті шыққан қатысушы келесі туған күн иесі атанады, ойын осылай жалғаса береді[3].

«Қатып қалған» жаттығуы

Мақсаты: эмоционалдық көңіл-күйді бақылау дағдысын жетілдіру.

«Қарым-қатынас кезінде толеранттылықты қалай сақтауға болады?» жаттығуы

Мақсаты: қақтығыс жағдаятынан конструктивті түрде шығу жолдарына үйрету.

Өту барысы. Қай-қайсысымыз болса да, кез-келген уақытты қақтығыс жағдайына тап болуы мүмкін. Әркім әрқалай жағдаяттан шығады – біреу ренжіп қалады, екінші біреу конструктивті шешім қабылдауға тырысады. Қақтығыстан толеранттылықты сақтап, өзіне деген құрметті жоғалтпай, ешкімді кемсітпей қалай шығуға болады? Жүргізуші қатысушылардан біреудің ренжіткен уақытын есіне түсіріп айтып берулерін сұрайды. Бір қатысушы ренжіп қалған адамның, екінші қатысушы ренжіткен адамның рөлін ойнайды. Төменде көрсетілген сызбаны қолданып, ренжіген адам жағдаяттан дұрыс шығудың жолын қарастырады. Мысалы, анасы баласын достарының көзінше ыдыс жумағаны үшін сөгеді.

Жағдаяттан дұрыс шығудың сызбасы:

1. Саған ұнамайтын әрекетті нақты сипаттап, ашық әңгімеге тарт: «сіз маған балалардың кзінше ұрысқан кезде....»
 2. Осы жағдаяттың әсерінен сенде қандай сезім болды, соны сипаттап бер: «...мен өзімді сол үшін қолайсыз сезіндім».
 3. Оған ол қалай істегенде дұрыс болатындығын түсіндір. Оған сенің көңіліңнен шығатындай әрекет жасаудың жолын көрсет: «...сондықтан келесі жолы менің достарымның алдында бұлай жасамауыңызды сұраймын». Бұл түсіндіру оның алдындағы айтылған сөздің жалғасы болады және сөзді қорытындылайды.
 4. Оған ол басқаша жолмен түсіндірген кезде қалай қарайтыныңды түсіндір: «...сол кезде мен сіздің ескертулеріңізді ескеретін боламын».
- Осы тапсырманы бірнеше қатысушыға орындатыңыз.

«Мен пікір білдіремін, сен пікір білдіресің» жаттығуы

Мақсаты:

- өзінің бір нәрсеге көңілі толмау, ренжу, көңілі қалу сияқты жағымсыз сезімдерін толерантты түрде жеткізе білу;
 - қарым-қатынасты еркін жүргізуді үйрету.
- Сабақты қорытындылау.

7 - сабақ. БАСҚАЛАРҒА ДЕГЕН ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ: ӘР ТҮРЛІ ӘЛЕМДЕР (I бөлім)

Мақсаты:

- әр халық арасындағы шыдамсыздықтың салдарын көрсету;
- басқа мәдениеттің өкілімен байланысқан кезде туындайтын түсініспеушіліктердің себептерін және оның салдарын түсіндіру;
- өзге мәдениеттің өкілімен тиімді байланыс жасау дағдыларын үйрету..

Сергіту сәті.

«БІМ арқылы түсті тап» жаттығуы

Мақсаты: бейвербалды түрде ойды жеткізу дағдысын қалыптастыру.

«Шыдамсыздық картасы» жаттығуы

Мақсаты:

- интолеранттылықтың кең таралғандығын және оның қандай қаупі бар екендігін түсіндіру;
- жоғары сынып оқушыларының жаһандық қақтығыстардан шығудың жолдарын табуға деген қызығушылықтарын ояту.

Өту барысы. Жүргізуші және қатысушылар жер бетіндегі «қайнап жатқан» нүктелерді тауып, оларды картадан белгілейді.

Талқылау:

- Адамдар құрбан болатын қақтығыстарды ақтап алып шығуға бола ма?
- Қақтығыстардың негізгі туындаусебептері қандай?
- Қақтығыстың алдын алудың сіз қандай жолдарын ұсынасыз??

«Топтық сурет» жаттығуы

Мақсаты:

- әр топтың жүріс-тұрысының стереотиптерін түсіну;
- топ мүшелерінің көңіл күйлерін арттыру, белсендіру.

Өту барысы. Барлық қатысушылар 3-4 адамнан тұратын шағын топтарға бөлінеді. Әр топ белгілі бір халықтың мәдениетін таңдап алады, таңдап алған халықтың салт-дәстүрлерін немесе мәдениетіндегі ерекшеліктерді қимыл арқылы көрсетеді. Қалған қатысушылар халықтың атын табулары керек.

«Карамбия» ойыны

Мақсаты:

- жасөспірімнің мідениетаралық түсініспеушіліктің арты не болатыны туралы білімдерін жетілдіру;
- өзге мәдениет өкідерімен ержелер мен нормаларды білмей, дұрыс қарым-қатынас жасау мүмкін еместігін түсіндіру.

Өту барысы. Қатысушылардың арасынан 2-3 адам «елшілердің» рөлін ойнауға таңдап алынады. Жүргізуші оларды бір-біріне ұқсастығы жоқ етіп таңдап алады, мысалы қыздар мен ұлдарды. «Елшілер» басқа бөлмеге кіріп кетеді. Ол бөлмеде топқа қоятын сұрақтарын дайындайды. Елшілер басқа бөлмеде дайындалып жатқан кезде, топ мүшелеріне төмендегі нұсқаулық беріледі: «Біз - карамбиялықтармыз! Біз өз елімізде әрекет ететін үш заңға бағынамыз:

- Біз тек жынысы өз жынысымызбен бірдей адамдармен ғана байланысамыз.
- Біздің сөздігімізде тек екі ғана сөз бар, олар «иә» және «жоқ».
- Біздің сұраққа жауабымыз бізге сұрақ қойып тұрған адамның күлімдеп тұрғанына байланысты болады. Егер ол күлімдеп тұрса, біздің жауабымыз «иә» болады, ал егер күлімдемесе «жоқ» деп жауап береміз.

Жүргізуші топ мүшелерінің осы ережелерді толық меңгергендігіне көзі жетуі керек.

«Елшілер» дайын болған кезде, ойын басталады. Оларды бір-берлеп шақырыңыз, олардың қоятын сұратын бір-бірі білмеуі керек.

Сауалнамадан кейін елшілер Карамбия мәдениеті және оның тұрғындары туралы есеп береді.

Сұрақтарды талқылап болғаннан кейін «карамбиялықтар» елшілерге олардың мәдениетінде қабылданған ережелермен таныстырады.

Сабақты қорытындылау.

8 – сабақ. БАСҚАЛАРҒА ДЕГЕН ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ: ӘР ТҮРЛІ ӘЛЕМДЕР (II бөлім)

«Бейтаныс әлемдер» жаттығуы

Өту барысы. Жүргізуші ойынға аз қатысады, жасөспірімдердің шығармашылық, ізденушілік қабілеттерін ашуға бағытталған. Ойынның басында барлық қатысушылар екі топқа бөлінеді. Ойын үш кезеңнен тұрады [3].

1 - кезең. «Әлемдерді құрастыру». Командалар өз әлемдерінің аңыздарын құрастырады.

2 - кезең. «Кездесу». Командалар бір бөлмеген жиналады.

Әрі қарай «әлемдердің» кезекті презентациясы жүргізіледі. Презентацияны белгілі бір жоспарға сай жүргізген дұрыс. Ең алдымен, әлемнің қожайындары өз әлемдерінің атауларымен таныстырады. Оның тұрғындарының бейнесін, өздерінде қабылданған заңдармен таныстырады. Соңында қонақтарды инопланеталық ас үйдің тағамдарынан дәм татқызады, «ұлттық» биді үйретеді.

3 - кезең. «Ортақ заңдарды қабылдау».

Бұл кезеңде командалар өзара барлығына ортақ заңдарды қабылдап, құжатқа қол қойып, бекітеді. Заңдар жазылған ватман қағазы қабырғаға ілінеді.

Сабақты қорытындылау.

9 - сабақ. БАСҚАЛАРҒА ДЕГЕН ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ: ҚОЛДАУ КӨРСЕТІП ҮЙРЕНЕМІЗ

Мақсаты: жасөспірімдердің түсіністік, қолдау көрсету дағдыларын қалыптастыру.

Сергіту сәті.

«Мұқият бол» жаттығуы

Мақсаты: байқағыштық қабілетті арттыру.

Өту барысы. Қатысушылар дөңгеленіп отырады. Жүргізуші оларға бір-біріне мұқият қарауларын сұрайды, кім қандай киім кигенін есте сақтауларын сұрайды.

«Ванька-Встанька» жаттығуы

Мақсаты: топ ішінде сенім мен бір-біріне қолдау көрсетуді жетілдіру.

Өту барысы. Қатысушылар бір-біріне жақын дөңгеленіп отырады. Қатысушылардың бірі ортаға шығады. Ол өзін барынша жеңіл әрі еркін ұстайды, қалған топ мүшлеері оны жақтан тартады. Шеңбердің ортасында барлық қатысушылар бол алады.

Шеңбердің ортасында болған қатысушыларға жүргізуші сұрақ қояды:

— Кім шынымен де өзін еркін ұстады, шеңберді айналып тұрған адамдардан қойрқпай, оларға кім толық сене алды?

Топ мүшелері өзгенің сенімдерін 5 балдық жүйе бойынша бағалайды, өз бағаларын саусақтарымен көрсетеді. Ең төмен баға берген қатысушылардан неге өздерін еркін ұстай алмағандары, не нәрсе кедергі болғандығы сұралады.

«Мені түсін» жаттығуы

Мақсаты: қарсыластың ойлары мен сезімдерін түсіну, оның көзқарасын ұғыну.

Өту барысы. Қатысушылар дөңгеленіп отырады. Жүргізуші оларға қашан әділетсіздік жасалғандығын естеріне түсіріп, оны айтып берулерін сұрайды. Сол жағында отырған көршісі осы оқиғаны нақтырақ етіп айтып беруі керек және оны түсінуге тырысуы керек. Оқиғаның авторы қайталап айтып берген әңгіменің дұрыстығын бағалайды. Жаттығу шеңбер бойына жалғаса береді.

«Көзбе-көз» жаттығуы

Мақсаты: басқа адамның ойы мен сезімдеріне назар аудару.

Өту барысы. Қатысушылар жұптарға бөлінеді. Үш минуттың ішінде олар бір-бірілеріне көздеріне қарап тұрады, қарсы тұрған адамның көзіне қарап тұрып оның ойы мен сезімдерін түсінуге тырысады. Содан кейін қатысушылар өз әсерлерін топпен бөліседі.

«Қашқынның рөліне кір» жаттығуы

Мақсаты: жоғары сынып оқушыларының өзін басқа адамның орнына қойып көруі, қоғамның әлсіз топтарына қолдау көрсету.

Өту барысы. Жүргізуші топ мүшелеріне мигранттардың әлеуметтік және құқықтық жағдайлары туралы айтады. Олар көп жағдайды шыдамсыз болып келеді, оларға ерекше қолдау көрсеткен дұрыс. Олардың көпшілігі соғыстарды, қанкешулерді бастан кешірген немесе өз жақындары мен туғандарын жоғалтып алған адамдар. Олар жаңа жерде жақсы нәрселерге қол жеткізгілері келеді. Сонымен қатар, олар өздерін бейтаныс көршілердің арасында жалғыз, бөтен сезінеді.

Жүргізуші қатысушыларға қашқындардың басынан өтетін әр түрлі жағдайлардың қысқаша сипаттамасы бар карточкалар таратады. Қатысушылар өз қолдарында жазылған кейіпкердің образына кіріп, оқиғаны баяндап берулері керек (әңгімені оқып, дайындауға 5-7 минут уақыт беріледі).

Сабақты қорыту:

- Өзіңді басқа адамның орнына қойып, оның барлық ой-сезімдерін сезіну қиын болды ма?
- Қандай топтағы адамдар ерекше қамқорлықты, қолдауды қажет етеді?

10 - сабақ. ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ ШЕГІ

Мақсаты:

- Толерантты мінез-құлықтың шегін түсіну және сезіну;
- Толерантты мінез-құлықты көрсететін критерийлерді табу;
- Сыни талдау, өз бетімен ойлау дағдыларын жетілдіру;
- Әлеуметтік қабылдауды жетілдіру.

«Сөз қойып үлгер» жаттығуы

Мақсаты: тұлғааралық әрекеттестік дағдыларын жетілдіру.

Қатысушылар бір-біріне доп лақтырады. Доп лақтырушы бір зат есімді айтады, допты қабылдап алған қатысушы тез мағынасына сәйкес келетін етістік айтуы керек. Мағынасыз

сөз айтқан адам ойыннан шығады. Етістікті дұрыс таңдай білген адам, зат есім айтып, допты келесі қатысушыға лақтырады. Ойын осылай жалғаса береді.

«Толеранттылық кодексі» жаттығуы

Мақсаты: «толеранттылық кодексін» құрастыру.

Өту барысы. Жүргізуші топ мүшелеріне Жалпыға ортақ адам құқықтары декларациясының негізінде «Толеранттылық кодексін» құрастыруды ұсынады.

«Сот» жаттығуы

Мақсаты: «Толеранттылық кодексі» негізінде шешім қабылдау.

Сабақты қорытындылау.

11 - сабақ. ҚОРЫТЫНДЫ

Мақсаты:

- Тренингтің нәтижелерін бірлесіп отырып талқылау;
- Топтан кері байланыс алу;
- Қорытынды шығару, тренинг қатысушыларымен қоштасу.

Сергіту сәті.

Мақсаты: өткен материалды қайталау және қорыту.

«Жалпы ритм» жаттығуы

«Бәрін еске түсіру» жаттығуы

Өту барысы. Қатысушылар бір-біріне доп лақтырып, толерантты тұлғаның бойынан табылатын қасиеттерді атап айтады. Аталған қасиетте қайталап айтпау керек. Ойынға топтың барлық мүшелері қатысулары керек.

«Кері байланыс» шеңбері» жаттығуы

Мақсаты: топтан кері байланыс алу, алған әсерлерімен бөлісу.

Өту барысы: Жүргізуші төмендегі тақырыптар бойынша қатысушыларға шеңбер бойымен өз пікірлерін айтып шығуды сұрайды:

- Тренингте сіздің есіңізде ерекше қалған, ұнаған нәрсе.
- Қандай тақырып ең қызықты әрі өзекті болды?
- Осындай тренингтер жасөспірімдерге қажет пе?
- «Толеранттылық» тақырыбына қатысты қандай мәселелерді осылай талқылауға болады?
- Осы тренингте үйренген тәжірибелеріңізді сіз қалай қолданасыз?

«Толеранттылық туралы поэма» жаттығуы

Мақсаты: алынғын білімдерді жалпылау, тренингтегі кері байланыс.

Өту барысы.

Бірінші нұсқа. Барлық қатысушылар қолдарына бір қағаздан және бір фломастерден алады. Әр қатысушы өзінің қағазына қысқаша поэманың тармақтарын жазады. Жүргізуші

барлығының жазғандарын жинап алып, поэма оқыған сияқты етіп толығымен оқып шығады.

Екінші нұсқа. Әр қатысушы өз тармақтарын жазып, келесі қатысушыға толықтыруға береді. Осылай барлық қатысушылар бір-бірден поэманы жазып шығады. Поэманы көбейтіп, топтың барлық мүшелеріне таратуға болады. Ең соңында топ мүшелерінің барлығы бірге шай ұйымдастырса болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Арутюнян Ю.В. Этносоциология / Арутюнян Ю.В., Дробижева Л.М., Сусоколов А.А. – М.: Аспект – Пресс, 2006. – 271 б.
2. Афанасьева, А. Б. Этномәдени білім: мәні, мазмұнының құрылымы, жетілдіру мәселесі / А.Б. Афанасьева // Білім. Түсіну. Қабілеттілік. - 2009. - № 3 - б.189-195
3. «Менің оқуым» психологиялық орталығының кітапханасы - <http://www.mytraining.ru/lib/books/download/richdad-poordad.pdf>
4. Большаков В.Ю.. Психотренинг. Социодинамика. Жаттығулар. Ойындао. әлеуметтік-психологиялық орталық, Спб-г, 1996.
5. Бромлей, Ю.В. Этнос теориясы бойынша очерктер / Ю. В. Бромлей. - М.: Ғылым, 2005. - 102 б
6. Волков, Г.Н. Этнопедагогика Г. Н. Волков. - М.: Академия, 2009. 168 б.
7. Галкина, Е.М. Жасөспірімдер этникалық сәйкестілік, олардың ұлттық аралас отбасылардың: псих. ғылым. канд. дис. / Е. М. Галкина. - М., 2007. - 56 б.
8. Қазақстанның мемлекеттік этносаясаты: жаңа трендтер: Әдіст. Құрал/ жалпы ред. Е.Тугжанов. — Астана: ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясы, 2011. — 204 б.
9. Declaration of principles on tolerance Solemnly adopted by acclamation on 16 November 1985 at the twenty-eighth session of the UNESCO General Conference // unesco.org
10. Қазақстанның ұлттық бірлігі доктринасы // assembly.kz
11. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 20 қазандағы «Қазақстан Халқы ассамблеясы» туралы заңы» № 70-IV // assembly.kz
12. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы // online.zakon.kz
13. Қазақстан Республикасының 30.08.1995ж. Ата Заңы // Казахстанская правда. — 1995. — 8 қырк.
14. Лама Шариф К. Қазақстандағы діндер басшыларының II форумындағы ҚР Дін істері агенттігінің төрағасының мәлімдемесі. — Астана, 15 қараша 2012 ж. // din.gov.kz
15. Майорова О.С. 5 сынып оқушыларының этномәдени құзыреттілігін қалыптастыру әдістері мен нысандары
16. Мами К. Астана - әлемдегі рухани жарастықтың дәнекері // religions-congress.org
17. Ресей Федерациясы жеке тұлғаларының (муниципалитеттердің) этникалық діни бағытындағы экстремизмінің себептерін және өсу факторларын жою әдісі. Ростов-на-Дону 2010.
18. Ресей Федерациясы Білім және ғылым министрлігі. «Оңтүстік федералдық университеті»

19. Тренинг өткізу әдістемесі. Киев. 2006
20. Основина Н.В. Мектеп жасына дейінгі балалардың этномәдени хабардарлығын қалыптастыру әдістері мен нысандары
21. Политология. / В.А.Ачкасова, В.А.Гуторова – М., 2005.
22. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан – 2050» стратегиясы: тұрақталған мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауы, Астана, 14 желтоқсан 2012 ж. // strategy2050.kz
23. Тренингтегі психогимнастика // Н.Ю. Хрящевой.- СПб.: "Речь", Институт Тренинга, 2001.- 256 б.
24. Роберт Е.Хауэлл, Д.М.Рабкин. ҰБО (ұйымдастырушылық-белсенділікті ойындар) бұрынғы Кеңес Одағындағы бірлесіп жоспарлау және проблема шешу әдісі ретінде.
25. Садвокасова А. Көшпенділер өркениетінің жаңа орбитасы // Кешкі Астана. — 2013. — 17 қазан.
26. Смаилов А.А. Қазақстанның демографиялық жылнамасы: Мақ. жинағы — Астана: Статистика Агенттігі, 2012. — 608 б.
27. Иркутсктегі тренинг: Түсіністіктің жаңа деңгейі. 2003
28. Тугжанов Е.Л. Қазақстан Республикасында этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің саясаты: саяси талдау. — Астана. — 2010. — 40 б.
29. ҚР Президентінің «Қазақстан халқы ассамблеясы туралы» № 149 2011 жылғы 7 қыркүйектегі Жарлығы // adilet.zan.kz 30. Г.П. Щедровицкий қоры - <http://www.fondgp.ru/>.
31. Эрик Берн "Адамдар ойнайтын ойындар. Ойын ойнатын адамдар".

Ақпараттық-методикалық материалдарды басылымға Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан бойынша Алматы қаласындағы ЮНЕСКО-ның (Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет Жөніндегі Ұйымы - БҰҰБҒМҰ) Кластерлік кеңсесі қолдауымен «Қазақстандағы баршаға білім беру» Қауымдастығының сарапшылары дайындаған.

Осы жарияланымда қолданылған атаулар мен материалдар қандай да бір мемлекеттің, аумақтың, қаланың, ауданның немесе олардың тиісті басқару органдарының шектеу сызықтары немесе шекараларына қатысты, сондай-ақ құқықтық мәртебесіне ЮНЕСКО тарапынан пікір білдірушілік болып табылмайды.

Осы түйіндемеде жинақталған және ұсынылған деректер үшін, сонымен қатар ЮНЕСКО-ның пікірі болып табылмайтын және Ұйымға ешбір қатысы жоқ пікір білдіргені үшін авторлар жауапты болып табылады.

Қазақ тіліне аударма жасаған:
Ләззат Төребекқызы

Ғылыми редактор:
Белослюдцева В.Н., п.ғ.к., доцент, «Қазақстандағы баршаға білім беру» Қауымдастығының сарапшысы

Техникалық редакторы:
Бектұрова Д.С., «Қазақстандағы баршаға білім беру» Қауымдастығы

2015 ж. жарияланған
«Қазақстандағы баршаға білім беру» Қауымдастығы
Қазақстан Республикасы, 050059,
Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 21, 225 кеңсе
тел.: +7 727 311 86 45
тел/ факс: +7 727 311 86 43
e-mail: neo@erasmusplus.kz



Отпечатано в ТОО «FORTRESS»

Тираж: 400 экз.

Республика Казахстан

г. Алматы, ул. Муратбаева, 138

Тел.: +7 (727) 399 87 97

Факс: +7 (727) 399 92 49

E-mail: fortress@inbox.ru